21. <i>Көңілді жұлдызқұрт қонаққа барамыз (таза ауада)</i>	Негізгі қимылдар: «Жұлдызқұрт» арқылы секіру, доға жасап жорғалау, гимнастикалық сәкімен жұлдызқұрттан аттап өту. Мақсаты: гимнастикалық орындықта жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық сәкіде кедергілерді аттап өту арқылы жүруге үйрену. Доға жасап жорғалауға жаттығу, жорғалау кезінде аяқ пен қолдың үйлесімділігін қалыптастыруды үйренуді жалғастыру. Белгілі бір кедергіден секіріп өту кезінде еден үстінен епті итерілуді мүлтіксіз орындауды жалғастыру. Кеңістікте бағдарды айқындауды жетілдіру, балалардың ұсақ қимыл-қозғалысын (моторикасын) ойындар арқылы дамыту, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Ойын: «Жұлдызқұрт». Мақсаты: берілген белгі арқылы ғана қимыл жасауды дамытуды жалғастыру, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.	
22. <i>Қуыршақ Серік қонаққа келді</i>	Негізгі қимылдары: допты екі қолмен кеудеден лақтыру. 3 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты екі қолмен кеудеден лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруға үйрету, допты кеуде тұсында қолайлы ұстап тұруға үйрету. Алға секіру кезінде бір мезетте екі аяқпен епті қозғала секіріп, жартылай бүгілген аяқтың басымен түсе білуді бекіту. Жаттығулар орындаған кезде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру. Қимыл-қозғалысты түрлі денешынықтыру жаттығуларымен, қозғалыс ойындарымен толықтырып отыру. Ептілікті, шапшаңдықты, көзөлшемін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа, төзімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Маргаулар мен балақайлар». Мақсаты: төзімділікті дамыту, тіке бағытта жүгіруге жаттықтыру	
23. <i>Сыйлық тәжі</i>	Негізгі қимылдары: еденге орнатылған тақтайшадан төрттағандап еңбектеу (ені – 25 см, ұзындығы – 2 метр). Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру Мақсаты: қол мен тізеге тіреп еңбектеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шектелген алаңда алақан мен тізені тіреп еңбектеуге үйрету. Кеуде тұсынан допты екі қолмен лақтыруға жаттығу, допты лақтырғаннан кейін қолды шұғыл түзеуге үйренуді бекіту. Балаларды барлығына ортақ қарқынмен қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Ептілігін, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру, жинақылыққа, бірлесіп ойнауға, оң көзқарасқа тәрбиелеу.	

	Ойын: «Затты тауып көр». Мақсаты: залда кеңістіктің бағдарын айқындауды жетілдіру.	
24. <i>Кәнеки, аңдар, бізге құлақ салыңдар! (таза ауада)</i>	Негізгі қимылдары: қолдарын белінде ұстап, биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шектелген алаң үстінен жүріп өткенде нық тепе-теңдік пен дене бітімін тік сақтай білуге үйрету. Алақан мен тізені тіреп, сәкі үстінен еңбектеу әдісін бекіту, алға қарай секіруді қайталау. Жүгіргенде және жаяу жүргенде қол мен аяқ қимыл-қозғалысының үйлесімділігін жаттықтыру, ырғақпен жүруді, жүгіруді жетілдіруді жалғастыру. Түзу дене бітімін қалыптастыру. Ептілікті, жылдамдықты, зал кеңістігінде бағдарын айқындай білуді жетілдіру. Өз бетімен дамуды, шығармашылықты, өзара достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Табиғат құбылыстары туралы білімін, табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауды жетілдіре түсу. Ойын: «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: ептілікпен секіруге жаттықтыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіру.	
25. <i>Тиін балаларға қонаққа келді</i>	Негізгі қимылдары: тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүру. Ені 25 см, ұзындығы 2 метр еденге орнатылған тақтайшада алақан мен табанын тіреп төрттағандап еңбектеу. Мақсаты: арқанмен жүрген кезде тепе теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: тепе-теңдікті сақтай отырып тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүруге үйрету. Шектеулі алаң үстінде алақан мен табанын тіреп, төрттағандап еңбектей білуін бекіту, қол мен аяқ қимыл-қозғалысын үйлестіре білуін жетілдіре түсу. Педагогтің нұсқауын орындай білуді қалыптастыру, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіре білу. Ептілікті, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру, экологиялық мәдениетке тәрбиелеуге ықпал ету. Ойын: «Доп шеңбер бойымен». Мақсаты: допты қолдан-қолға бере білуді бекіту.	
26. <i>Біз саяхаттап жүрміз</i>	Негізгі қимылдары: иректөп қойылған жіп үстінде жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап жүгіру. Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: иректөп қойылған жіп үстінде жүруге үйрету, динамикалық тепе-теңдікті сақтай білу, дене бітімін тік ұстауды қалыптастыру. Бір қарқын мен бір ырғақты сақтай отырып, бір-бірінің қолдарынан ұстап шеңбер бойымен жүгіре білуді бекіту. Шұғыл қимылдап қолдарын түзеп, допты екі қолымен кеуде тұсынан лақтыруға жаттығу. Педагогтің айтқанын мұқият тыңдап, көрсеткендерін бақылап отыруға үйренуді қалыптастыру. Ептілігін, күшін жетілдіру, белсенді демалу әдетін тәрбиелеу. Ойын: «Көпірден жорғалап өту»	
27. <i>Күн нұры (таза ауада)</i>	Негізгі қимылы: бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Көлбеу тақтайшада жоғары және төмен жүру. Допты тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты: еңіс тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу тақтайшада жоғары және төмен қарай жүруге үйрету, тепе-теңдікті сақтау, ептілік пен батылдықты дамытуға ықпал ету. Тор арқылы доп лақтыруға жаттығу, допты қолды шұғыл қимылдата түзетіп жоғарыға, алға қарай лақтыра білуді үйрену. Бағытты өзгерте отырып жүруге, жүгіруге жаттығуды жалғастыру, берілген белгіні қимыл-қозғалысты орындау кезінде басында немесе	

	соңында қабылдай білуді бекіту. Қоршаған ортаға оң көзқарас және жылы шырай таныта білуге тәрбиелеу. Ойын: «Ұядағы құстар». Мақсаты: зал кеңістігенде бағдарын айқындауды жетілдіру.	
28. <i>Маймыл-дар</i>	Негізгі қимылдары: орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см қашықтыққа) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Кедергілерден «жыландай» ирелендеп өтіп жүру. Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету, екі аяқпен бір мезетте итеріле білуді қалыптастыру. Жіпті ұстап, шеңбер бойымен жүгіруге жаттығу, басқа балалардың жүгіру қарқыны мен жүру ырғағына ілесіп отыруға үйренуін бекіту. Кедергілерге тиіп кетпей, арасынан «жыландай» ирелендеп жүруге жаттықтыру. Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіру мәнерін қалыптастыру. Педагогтің түсіндіргендерін тыңдай білуге үйрену, көрсеткендерін бақылай отырып, қимыл-қозғалыстарды педагогтің нұсқауымен басқа балалармен бірге сәйкестендіре отырып орындау. Достық қарым-қатынасқа, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу. Ойын: «Тиіп кетпе». Мақсаты: алақан мен тізені тіреп отырып төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру ептілігін жетілдіру	
29. <i>Көжсек-терге арналған денешынық-</i>	Негізгі қимылдары: допты екі қолымен бастан асыра лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см) Мақсаты: «Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: допты екі қолмен ұстап бастан артқа қарай жіберуді үйретуді жалғастыру, доптың ұшу траекториясын дұрыс белгілеу, иілген қолдарды шұғыл түзеп алға-жоғарыға созу. Орнында тұрып ұзындыққа секіруге (30 см) жаттықтыру, аяқтарын итере секіруді, қолдың қозғалысымен байланыстыра білуін бекіту. Сапқа тұру кезінде өз орнын таба білуін қалыптастыру, күшін, шапшаңдығын, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру. Денешынықтыру сабақтарын әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Мейірімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Әткеншек». Мақсаты: шеңбер бойымен қозғалуды жетілдіре түсу, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіре білу.	
30. <i>Кеме (таза ауада)</i>	Негізгі қимылдары: жолмен сүйеу қадам жасап жүру. Бірнеше сызықтан екі аяқпен секіру. Төмендету әдісімен допты алысқа лақтыру. Мақсаты: нық қадаммен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: арқан бойымен жүргенде дене бітімін тік ұстауды және нық тепе-теңдікті сақтай білуді жалғастыру. Екі аяқпен бірнеше сызықтан секіруге жаттығу, аяқтарымен итеріле секіруді, қол мен аяқтың қимылын үйлестіре білуін жетілдіру. Допты алысқа лақтыру, қолдың жігерлі қимылы арқылы лақтыруды қалыптастыруды жалғастыру. Массажды жолмен жүру – майтабандықтың алдын алу. Ептілікті, қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін жетілдіру, тыныс алу жүйесін нығайту. Ойын: «Теңізшілер». Мақсаты: белгі бойынша қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіруді жалғастыру, қозғалыстың үйлесімділігін қалыптастыру.	

31.Қуыршақ Айгүл балалармен ойнйды	Негізгі қимылдары: доға астында еңбектеу(биіктігі– 40 см) Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру. Мақсаты:«Жуынғанда айтатын ән» бетке арналған массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Допты екі қапталынан дұрыс ұстай білуді қалыптастыру, иілген қолдарын шұғыл түзеу. Доға астында оған тиіп кетпей еңбектеуге жаттықтыру, иілгіштікті жетілдіру. Дене бітімін тік ұстай білуді және тепе-теңдікті сақтауды, зейінін дамытуды, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру. Сапқа тұру кезінде өз орнын таба білуін қалыптастыру. Достық қарым-қатынас, ұжымдық қатынасты тәрбиелеу. Ойын: «Секір де – шапалақ ұр». Мақсаты: ептілікпен секіруге жаттықтыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіру.	
32.Қонжықт күшті бола б	Негізгі қимылдары: ирек жолмен жүру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Биіктігі 40 см доға астынан еңбектеп өту. Мақсаты:ирелендеген жолмен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері:ирек жолмен жүруді үйрену, шектеулі алаңда жүргенде нық тепе-теңдікті сақтай білу. Үш доғаның астынан біртіндеп төрттағандап еңбектеп өтуді бекіту. Жаттығуларды орындау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты (моторикасын) дамыту, күшін, ептілігін жетілдіру. Денешынықтыру сабақтарын әдетке айналдыруға тәрбиелеу, өз денсаулығына мұқият қарау. Ойын: «Қақпаға түс». Мақсаты:қақпаға допты домалатып түсіре білуді жетілдіру, жұбымен іс-әрекетін келісе орындай білуді қалыптастыру.	
33.Қоянға қонаққа барайық (таза ауада)	Негізгі қимылдары: Бағытын өзгерте отырып сапта жүру. Кегельдердің арасымен жолда «ирелендеп» жүру. Бір орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты:бір орыннан екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері:кегельдердің арасымен жолда «ирелендеп» жүру кезінде және иректеліп жатқан арқан үстімен дене бітімін тік ұстап жүруді жетілдіруді жалғастыру. Саптан шығып кетпей, бағытты өзгерте отырып сапта жүре білуді бекіту. Балаларды допты екі қолмен домалатуға жаттықтыру. Көзөлшемін, ептілікті, зейінін арттыруды дамыту, педагогтің нұсқауларын орындай білуді қалыптастыру, мейірімділікке, қонақжайлылыққа баулу. Қолдың сыртқы үйлесімділігін, есту қабілетін жетілдіру, арқанмен жүріп, майтабандықтың алдын алу. Ойын:«Түзу жолда». Мақсаты: тек белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасай білуді жетілдіруді жалғастыру, баланың қозғалыс жүйесін талдағыш жүйелерімен үйлестіруді қалыптастыру.	

34.Қуыршақ Айгүлден сәлемдеме	Негізгі қимылдары: тізені жоғары көтеріп жүру. Ирек жолмен жүру және жүгіру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Ені – 50 см, 1,5 м қашықтықтағы қақпаға допты домалату. Мақсаты: денесін тік ұстау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: ені – 50 см, 1,5 м қашықтықтағы қақпаға допты домалатып кіргізуге үйрету, көзөлшемің жетілдіру. Аяқ пен қолды үйлестіре, тізені жоғары көтеріп жүруге үйрену. Шектеулі алаңда жүргенде және жүгіргенде нық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Педагогтің түсіндіргенін тыңдай білуді қалыптастыру, көрсетілімді бақылап отыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты басқа балалармен бірге орындай білу. Ептілігін дамыту, дене бітімін тік ұстап жүруді және тепе-теңдікті сақтай білу, қоршаған ортаға оң көзқараспен қарау. Ойын: «Бере алмаймын». Мақсаты: аяқтарын алшақ қойып, аяқтарын қосып ептілікпен секіруге жаттықтыру, зейінін дамыту.	
35.Сылдыр- мақты балақан	Негізгі қимылдары: орнында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы – 40 см). Тізені жоғары көтеріп жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Мақсаты: «Әуе шары» тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: орнында тұрып ұзындыққа секіруді үйренуді жалғастыру, аяқпен күштірек итеріліп секіруді орындау. Тізені жоғары көтеріп жүре білуді бекіту. Түрлі бағытта жүгіруге жаттығу, жаттығу залының бойымен жеңіл әрі бір қарқынмен жүгіру. Ептілігін жетілдіру, дене бітімін тік ұстап жүруді және тепе-теңдікті сақтай білу, жинақылыққа тәрбиелеу, бірге ойнай білу. Ойын: «Қонжық көпірмен келеді». Мақсаты: шектеулі алаңда еңбектеуге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін жетілдіру.	
36. Біз Күнге еріп, достарымыз ды табамыз» (таза ауада)	Негізгі қимылдар: «Қар көпірі» қар үйіндісіне көтерілу, «Нысанаға тигіз» (қарды ағашқа лақтыру). Мақсаты: нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: сәкіде төрттағандап еңбектей білуді жетілдіруді жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін дамыту. Қарды ағашқа оң және сол қолмен лақтыру Төзімділік пен ептілікті дамыту. Мейірімділікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Баланың қозғалыс жүйесімен интеграцияланған талдағыш жүйелерді дамытуды жалғастыру, ақыл-ой өрісін, қисынды ойлауын дамытуға ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойын: «Қарға мен ит» Мақсаты: қимылды тек белгі бойынша орындау білігін, дамыту, секіруге, және жүруге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін қалыптастыру.	
37. Ойын ойнауды ұнатамыз	Негізгі қимылдары: 1 метр қашықтықта тұрып педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (35 см). Мақсаты: аяқ және дене бұлшық ет-сіңір аппаратын нығайту. Міндеттері: педагогке доп лақтыру және оны қағып алуға үйрену, саусақтарын айқара ашып тұрып алақанымен допты қағып ала білуді қалыптастыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіруге (40 см) жаттықтыру, қолдың қимылын аяқпен	
38. Ауылға сапар шегеміз	Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтадан сырғанау. 1 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру.	

	Мақсаты: денесін тік ұстау, қимыл үйлесімділігін қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу тақтайда төрттағандапенбектеуді үйрену, одан жеңіл түсе білу. Педагогке доп лақтырып және одан саусақтары айқара ашылған алақанымен қағып ала білу. Ептілігін, төзімділігін, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Тұрмыстық заттармен таныстыра отырып, балалардың көзқарасын кеңейту, мейірімділікке, татулыққа тәрбиелеу. Ойын: «Орныңды тап!». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындау.	
39.Қыс қызығы (таза ауада)	Негізгі қимылдары: сапта бір-бірлеп, шашыла жүру және жүгіру. Затты айнала екі аяқпен секіру. Төбешіктен шанамен сырғанау. Мақсаты: шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: педагогтің берген белгісі бойынша іс-әрекет жасауға үйренуді жалғастыру, автоматты қозғалысты еңсеру. Еденнен бір мезетте екі аяқпен ептілікпен итеріле затты айнала секіре білуді жетілдіру. Допты тіке бағытта домалатуға жаттығу, оны ептілікпен күшпен итере білу, көзөлшемін дамыту. Ептілікті, үйлесімділікті жетілдіру, омыртқаны созуға және дене бітімін тік ұстауға арналған жеңіл қимылдар жасай білуді қалыптастыру. Балалардың табиғаттағы құбылыстар туралы білімін жетілдіруді жалғастыру. Ойын: «Күн және жауын». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру.	
40.Хайуанаттар бағы	Негізгі қимылдар: еденде жатқан кедергілерден аттап өту (олардың арақашықтығы – 25 см). Гимнастикалық қабырғаның екіншісатысына бекітілген көлбеу тақтайда еңбектеу. Мақсаты: заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: дене бітімін тік ұстауды сақтай отырып, еденде жатқан кедергілерден аттап өту. Көлбеу тақтайда еңбектей білуді бекіту, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, ептілігін дамыту. Залда қарапайым тапсырмаларды орындай отырып жүруге жаттығу, сапқа тұрғанда өз орнын таба білу. Кеңістікте бағдарын айқындай білу, зейінін арттыру, жан-жануарларға қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен лақтар». Мақсаты: жалтара жүгіре білуді бекіту, зейінін, шапшаң әрекет етуін жетілдіру.	
41.Хайуанаттар бағын мекендеушілер	Негізгі қимылдары: алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы – 10 метр). Едендегі 20 см қашықтықта орналасқан кедергілерді аттап өту, тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғаның екіншісатысына бекітілген көлбеу тақтайда еңбектеу. Мақсаты: ырғақты жүгіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл әрі бір қарқынмен жүгіру, өз жүгіруін басқа балалардың жүгіруімен сәйкестендіре орындау. Кедергілерді аттап өту кезінде нық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Көлбеу тақтайда еңбектей білуге жаттығу, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, күштілігін, қайсарлығын жетілдіру. Суреттегі бейнелерді қимыл-қозғалыс арқылы көрсете білуді қалыптастыру. Кеңістікте бағдарын айқындай білуді, зейінін дамыту, жан-жануарларға қамқорлықпен қарай білу көзқарасын тәрбиелеу. Ойын: «Тыныш өтіп кет». Мақсаты: бақайдың ұшымен жүруге жаттығу, есту қабілетін арттыру.	
	Негізгі қимылдары: сапта бір қатарда тұрып қарқынды өзгерте жүру	

42. Біздің сүйісіміз ойындары-мыз (таза ауада)	және жүгіру. Төбешіктен қуыршақты, қонжықты шанамен сырғанату. Құрсаудан-құрсауға секіру. Мақсаты: дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: сапта бір қатармен жүруді және жүгіруді қалыптастыруды жалғастыру. Допты төбешіктен домалатып, оны екі қолмен көтеріп әкеле білу тәсілін жетілдіруді жалғастыру. 5 метр қашықтыққа алақан мен тізені тіреп төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру. Бір-біріне мейірімді болуға тәрбиелеу. Ойын: «Торғайлар». Мақсаты: баланың қозғалыс жүйесі мен талдау жүйесінің үйлесімділігін қалыптастыруды жалғастыру, құстарға тән қозғалыстарды мәнерлі жеткізе білуді жетілдіру.	
43. Құртақан мен ойнайық	Негізгі қимылдары: еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы – 20 м) Мақсаты: құрсауға секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шеңбердің ішіне ептілікпен екі аяқпен секіруді және одан қайта секіріп шығуды үйрену. Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл әрі бір қарқынмен жүгіре білуді бекіту, қимыл-қозғалысты басқа балалармен біріге орындай білуді қалыптастыру. Педагогтің айтқанын тыңдай білуді қалыптастыру, көрсеткен қимылдарын бақылай білу. Төзімділігін, қимыл үйлесімділігін, зейінін дамыту, достық қарым-қатынас, ұжымдық қатынасты тәрбиелеу, қосылып ойнай білуді үйрену. Ойын: «Шеңбер арқылы сылдырмаққа жету». Мақсаты: еңбектеуге жаттықтыру, топтаса білуді бекіту.	
44. Жарық шашқан шам	Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және қайта лақтыру. Еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Мақсаты: табанның бұлшық ет аппаратын, иық белдеуі бұлшық еттерін нығайту. Міндеттері: 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогке доп лақтыру және одан допты саусақтарын айқара ашқан алақанмен қағып алуды үйрену. Еденде жатқан жазық шеңберге секіруге жаттықтыру, ептілікпен екі аяқпен бір мезетте секіріп және бақайларымен түсе білуді бекіту. Дене бітімін тік ұстап әрі тепе-теңдікті сақтай отырып еркін жүру және жүгіре білуді жетілдіру. Ептілікті, төзімділікті, қимыл үйлесімділігін дамыту, Денешынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруды тәрбиелеу. Ойын: «Жоғары-төмен». Мақсаты: көлбеу тақтайшада кездейсоқ тәртіппен жүруге жаттықтыру.	
45. Менің шанам қуыршақты сырғанат-ды (таза ауада)	Негізгі қимылдары: Қуыршақты шанамен сырғанату. Алға екі аяқпен секіру. Мақсаты: шананы төбешіктен сырғанату дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: сапта бір қатармен жүру кезінде қозғалыс бағытын сақтай білуді қалыптастыру. Қуыршақты шанамен сырғанату. Қозғалыстағы ойын: «Өз түсінді мап!». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру, қисынды ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету.	
46. Түрлі түсті жалаулар	Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар (музыкамен маршпен жүру). Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларын аттап өту. Мақсаты: қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.	

	Міндеттері: сапта бір қатарда жүруге, сапта барлығы бірге нақты және бір қарқында музыка ырғағымен маршпен жүруге үйрету. Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларын аттап өтуге жаттықтыру. Тізелерін биігірек көтеріп және епті қозғалыспен аяқтарын түсіре білу, дене бітімін тік ұстап, нақ тепе-теңдікті сақтай білу. Қозғалыс үйлесімділігін, мәнерін жетілдіру, Денешынықтыру сабағына оң көзқарас танытуға тәрбиелеу, жинақы бола білу. Ойын: «Жоғарырақ лақтыра сал». Мақсаты: допты кеудеге баспай, алақандарымен лақтырып және қағып алуды бекітуді жалғастыру.	
47. Бір-екі, бір екі, біз жасаймыз аққала!	Негізгі қимылдары: допты жоғары лақтыру және қағып алу. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Мақсаты: допты лақтыру және ұстап алу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: допты биікке лақтырып, саусақтары айқара ашылған алақанымен қағып алуға үйрену. Сәкіден секіріп түскенде тепе-теңдікті сақтай білуді, басты және денені тік ұстай білуді, алға қарай білуді бекіту. Педагогтің тапсырмасын дұрыс орындай білуді қалыптастыру, тыныс алу-тоқтау кезеңін реттей білу. Төзімділікті, жинақылықты дамыту, өз орнын таба білу, мейірімділікке, ойыннан жеңіле білуге тәрбиелеу. Ойын: «Әткеншек». Мақсаты: шеңберді айнала жүруге және жүгіруге жаттықтыру.	
48. Біз шанамен сүйрейміз. (тауада)	Негізгі қимылдары: шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сырғанату; Шанамен бі-бірін сырғанату (бір бала шанаға отырады, екі бала шананы сүйрейді). Мақсаты: шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: сапта жеңіл және бір қарқынмен жүгіре білуді бекіту, қимыл-қозғалыстарды басқа балалармен бірге орындай білуді жетілдіру. Кедергілерді аттап өту кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіруді жалғастыру, басты және дене бітімін тік ұстай білуді, алға қарауды қалыптастыру. Секіру жаттығуларын жалғастыру, екі аяқпен бір мезетте секіріп түсуге машықтануды жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, мәнерін жетілдіру, Денешынықтыру сабағына оң көзқарас білдіруге тәрбиелеу, жинақы болу. Қимыл-қозғалыс ойын: «Құстар». Мақсаты: баланың қозғалыс жүйесі мен талдағыш жүйесінің үйлесімділігін қалыптастыруды жалғастыру, құстарға тән қозғалыстарды мәнерлі жеткізе білуді жетілдіру.	
	II жартыжылдық	
49. Аязатаның сыйлықтары	Негізгі қимылдары: бөренеден еңбектеп өту. 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогке доп лақтыру және одан допты қағып алу. Мақсаты: бөренеден еңбектен өту дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бөренеден еңбектеп өтуге үйрету, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Педагогке доп лақтыра білуді, қолды доп лақтырғаннан кейін түзу ұстауды бекіту. Қимылдар жасап залда жүруге жаттығу,	
50. Ақшақармен ойнаймыз	Негізгі қимылдары: қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларынан аттап өту. Бөренеден (бум) еңбектеп өту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: тепе-теңдікті сақтай білуді, тізелерін биігірек көтеріп, денесін тік ұстап еденде жатқан баспалдақтың рейкаларын аттап өтуді үйрету. Бөренеден (бум) еңбектеп өте білу, қолдары мен аяқтарының қозғалыс	

	үйлесімділігін жетілдіру. Қимыл-қозғалыстарды ретімен орындауды қалыптастыру, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындай білу. Төзімділікті, ептілікті, зейінді дамыту, белсенді демалу әдетін тәрбиелеу, басқа балалармен бірлесіп ойнай білу. Ойын: «Допты ұстап алышы» Мақсаты: допты кеудеге баспай, алақандарымен қағып ала білуді бекіту	
51. <i>Қоянның сыйлығы (таза ауада)</i>	Негізгі қимылдары: педагог берген белгіге тоқтап, бір-бірінің артынан сапта жүру және жүгіру. қарды тік тұрған шанаға дәлдеп лақтыру. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: қарды бірде оң, бірде сол қолмен кезек-кезек лақтыруға үйрету; балаларды жүру және жүгіру кезінде берілген белгіге тоқтай білуге үйрету. Допты бір-біріне екі қолымен домалатуға жаттықтыру, допты жұпта тұрған баланың қолына қарай бағыттай білуді қалыптастыру, көзөлшемін жетілдіру. Кедергілер үстінен секіру жаттығуларын жалғастыру, секіріп өту кезінде аяқтарымен күштірек итеріліп, жартылай бүгілген аяқтарымен секіріп түсуге жаттығуды жалғастыру. Көзөлшемді, ептілікті, зейінін дамыту. Педагогтің нұсқауларын орындай білуді қалыптастыру, мейірімділікке, қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру, қимылын сөзбен байланыстыру. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойын: «Пойыз». Мақсаты: қозғалыс бағытын өзгерте отырып, саппен жүруді жетілдіруді жалғастыру, тапқартың мәтініне сай ойын қимылдарын орындау.	
52. <i>Мұзы қатқан айдынды, Жаңа жауған қар басты</i>	Негізгі қимылдары: 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Шеңбер құрып тұру. Мақсаты: тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: сәкіден секіргенде табанын бүгіп, жартылай бүгілген аяқтарымен секіріп түсуді үйрету. Шеңбер құрып тұра білуді бекіту, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіру. Үш доғаның астынан ретімен төрттағандап еңбектеп өтуге жаттығу. Қимыл-қозғалыстарды рет-ретімен орындауды, педагогтің нұсқауын дұрыс орындай білуді қалыптастыру. Төзімділікті, зейінін дамыту, суық тию ауруларына қарсы тұра білу, белсенді демалу әдетін тәрбиелеу, басқа балаларға қосылып ойнай білу. Майтабандықтың алдын алу. Ойын: «Кетті, кетті орамал». Мақсаты: қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын жетілдіру, заттарды қолдана білу.	
53. <i>Біз үлкен болып өсеміз</i>	Негізгі қимылдары: шеңбер құрып тұру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар (музыкалық маршпен жүру). Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан еңбектеп түсу. Мақсаты: көлбеу тақтаймен еңбектеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шеңбер құрып тұруға үйренуді жалғастыру, сапқа тұру кезінде өз орнын шапшаң таба білу. Музыканың әр бөлімінің басын және соңын көрсете отырып, бір қарқында қозғалып, музыкамен марш жасап жүре білуді бекіту. Көлбеу тақтайда еңбектеуге жаттығу, қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін жетілдіру. Талдау жүйелерінің үйлесімділігін дамытуға ықпал ету, қимыл-қозғалыстарды ретімен орындай білу, азаматтыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын: «Нысанаға дөп тигіз». Мақсаты: тігінен орналасқан нысанаға тигізе білуді бекіту, көзөлшемін жетілдіру.	

54. Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала! <i>(Таза ауада)</i>	Негізгі қимылдары: кедергілердің арасынан шашыла жүру және жүгіру. Допты екі қолмен тіке бағытта домалату. Домалап бара жатқан заттың соңынан төрттағандап еңбектеу. Қарды бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек алысқа лақтыру. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: шеңбер бойымен жүру және жүгіре білуді бекіту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру. Қарды бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек алысқа лақтыру білігін жетілдіру. Педагогтің нұсқауын орындай білуді жетілдіру, қозғалыс кезінде тіке бағытты сақтай білу. «Көз-қол» сенсомоторлық, кеңістіктік үйлесімділікті жетілдіре түсу. Қысқы ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын: «Шеңберге шапшаң тұр». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындау, шеңбер бойымен жүгіруге жаттығу.	
55. <i>Ойыншық-тар</i>	Негізгі қимылдары: еденге тігінен орналасқан шеңберден еңбектеп өту. Допты жоғары лақтыру және қағып алу. Мақсаты: құрсауға еңбекте дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: еденге тігінен орналасқан шеңберден еңбектеп өтуді үйрену, топтаса білуді жетілдіру. Допты өзіне қыспай жоғары лақтырып және қағып ала білуді бекіту. Доппен жүруге жаттығу, доптарды түсі бойынша бөліп қою. Талдау жүйелерінің үйлесімділігін дамытуға ықпал ету, қимыл-қозғалыстарды ретімен орындай білу, ойыншықтарға мұқият қарауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын: «Ойыншықтар». Мақсаты: түзу қойылған жіптің бойымен жүре білуді бекіту, дұрыс жүру рефлексін жетілдіру	
56. <i>Қысқы орманға біз келдік</i>	Негізгі қимылдары: биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкіде жүру. Еденге тігінен қойылған шеңберден еңбектеп өту. Мақсаты: «Қонжықтар апанында ұйықтап жатыр» көзге арналған гимнастикасын, тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық сәкіде жүруге үйрену, тепе-теңдікті сақтай білуді, дене бітімін тік ұстай білуді жетілдіру. Еденге тігінен қойылған шеңберден еңбектеп өтуге жаттығу, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре білу. Жаттығуларды бірдей қарқынмен орындай білуді бекіту, дене бітімін тік ұстай білу, қозғалыстың берілген бағытын сақтау. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым әдістерін жетілдіруді жалғастыру. Ептілікті, төзімділікті дамыту, талдау жүйелерінің үйлесімділігін дамытуға ықпал ету, белсенді демалу әдетін тәрбиелеу, қимыл-қозғалысқа үйрену. Ойын: «Аяқтар». Мақсаты: сапта жүруге жаттығу, қолдың белсенді қозғалысына сай бір қарқынмен жүре білуді бекіту.	
57. <i>Серуендеуге барайық, тышқанға іздеу салайық (таза ауада)</i>	Негізгі қимылдары: Аласа төбешіктен сырғанауышпен сырғанау. Жолмен жүгіріп барып сырғанау. Мақсаты: жолмен сырғанау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: аласа төбешіктен сырғанауышпен сырғанауға, көлденең жолмен жүгіріп барып сырғанауға үйрету. Балаларды бір-бірлеп сапқа тұрғызып жүруге және жүгіруге жаттықтыру (жүру мен жүгіру кезектесіп тұрады). Қырлы тақтайшамен жүргенде нық тепе-теңдікті сақтай білуге үйрету. Биіктікке секіруге жаттықтыру, екі аяқпен ептілікпен итеріле білуді жетілдіру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Саусақтардың	

	ұсақ қимылдарын жетілдіру, су-джок иілімді сақиналарын қолдана отырып балалардың иммунитетін көтеру. Майтабандықтың алдын алу, табан жиынтығын қалыптастыруға ықпал ету, тиісті бұлшық еттерге күш сала білу және босата білу. Ойын: «Тышқан қайда жасырынды?». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру, шапшаңдығын дамыту.	
58.Біз кішкентай шабандоздар -мыз	Негізгі қимылдары: көлбеу орналасқан баспалдаққа шығу. Биіктігі – 20 см, ені 20 см гимнастикалық сәкіде жүру. Мақсаты: көлбеу сатымен өрмелеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу орналасқан баспалдаққа сүйеу қадам жасап шығуға үйрету. Тіректің биіктетілген алаңында жүргенде нық тепе-теңдікті сақтау және дене бітімін тік ұстай білуді бекіту. Қимыл-қозғалыс тәжірибесін денешынықтыру жаттығулары мен қимыл-қозғалыс ойындардың түрлерімен толықтыру. Берілген белгіні қозғалыстың басында не соңында қабылдай білуді жетілдіру. Ептілікті, шапшаңдықты, көзөлшемін дамыту, төзімділікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Бәйге». Мақсаты: қозғалыста жылдам қимылдауға жаттықтыру, шапшаңдығын дамыту.	
59.Қонаққа құртақан келді.	Негізгі қимылдары: 20 см биіктіктен тереңдікке секіру. Көлбеу орналасқан баспалдаққа шығу. Мақсаты: «Шарик» саусақ жаттығуын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: сәкіден секіргенде табанын бүгіп, жартылай бүгілген аяқтарымен секіріп түсуге үйретуді жалғастыру. Көлбеу орналасқан баспалдаққа сүйеу қадам жасап шыға білуді бекіту. Педагогтің нұсқауын мұқият тыңдауды, көрсетілімді бақылауды қалыптастыру. Ептілікті, күшті жетілдіру, белсенді демалу әдетіне тәрбиелеу. Ойын: «Түзу шеңберде». Мақсаты: шеңбер бойымен қозғала білуді бекіту, өзінің іс-әрекеттерін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білуді дамыту	
60.Аяқ күшін нығайтамыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: қар үйіндісінің үстімен жүру (тепе-теңдік сақтау). Төбешіктен бір-бірден сырғанау. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: педагогтің белгісі бойынша тоқтап жүру және жүгіруге үйрету, қар үйіндісінің үстімен дене мүсінін түзу ұстап жүру дағдыларын қалыптастыру. Төбешікпен шанамен сырғанап түсу дағдыларын бекіту. Бір-бірлеп сапқа тұрып жүру мен жүгіру әдісін бекіту, жаттығуларды бәріне бірдей қарқында орындай білуді бекіту, дененің дұрыс қалпын сақтай білу, қозғалыстың берілген бағытын сақтау. Ептілікті, батылдықты, зейінін дамыту, спортзалда өзін ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. Терең тыныс алуға және тыныс алу ырғағын сақтауға ықпал ету. Ойын: «Түзу жолмен». Мақсаты: қимыл-қозғалысты тапқартып мәтінімен және басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу машығын жетілдіру	
61.Балақайға тосынсый	Негізгі қимылдары: Бағытын өзгерте отырып жүгіру. 20 см биіктіктен тереңдікке секіру. Көлбеу қойылған баспалдақтан өту. Мақсаты: «Тырнауық мысық», «Әтеш», «Кірпі», «Түлкі иіс сезгіш» тыныс алу-дауыс жаттығуларын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: саптан шығып кетпей, бағытты өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Сәкіден секіріп түскенде тепе-теңдікті сақтап, басты және денені тік ұстап, алға қарай білуді бекіту.	

	Көлбеу қойылған баспалдақтан өтуге жаттығу, үйлесімдікке, батылдыққа баулу. Сапқа тұрғанда өз орнын таба білуді қалыптастыру, күшін, шапшаңдығын, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру. Ер балаларды қыз балаларға қамқорлықпен қарай білуге, денешынықтыру жаттығуларын әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Ойын: «Ойыншықты әкеп берші». Мақсаты: белгіленген бағытпен жүруге жаттықтыру, зейінін, кеңістікте бағдарын айқындауды дамыту.	
62.Түрлі түсті текшелер	Негізгі қимылдары: 5 см биіктікте орналасқан кедергілердің үстінен екі аяқпен секіріп түсу. Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкімен жүру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: екі аяқпен ептілікпен бір мезетте итеріліп, кедергінің үстінен секіріп түсуді үйрену. Бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге жаттығу, қозғалыстың бағытын өзгерте білуді жетілдіру, саптағы реттілікті бұзбай кезектесіп жүру және жүгіру. Гимнастикалық сәкіде жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Денешынықтыру жаттығуларын орындау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты, күшін, ептілігін дамыту. Денешынықтыру жаттығуларын әдетке айналдыруға, өз денсаулығына мұқият қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Ең епті». Мақсаты: саусақтары айқара ашылған алақанымен допты төменнен қағып ала білуді бекіту.	
63.Біздің қонағымыз – Қарлығаш есімді қуыршақ (таза ауада)	Негізгі қимылдары: төбешіктен шанамен сырғанау. Мұзды жолдармен сырғанау. Мақсаты: Қысқы ойындарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: Балаларды педагогтің тапсырмасын орындай отырып, сапта бір-бірлеп жүре білуге жаттықтыру. Мұзды жолдармен сырғанау алу дағдыларын бекіту. Тіректің қысқартылған ауданымен жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қимыл-қозғалысты рет-ретімен, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындай білуді қалыптастыру. Төзімділікті, ептілікті, зейінін жетілдіру. Ойын: «Өз үйінді тап!». Мақсаты: бағытты өзгертіп жүгіру әдісін жетілдіру, кеңістікте бағдарын айқындауды дамыту	
64.Сиқырлы дорба	Негізгі қимылдары: допты еденге лақтыру және қағып алу. 5 см биіктікте орналасқан заттың үстінен екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты төмен қарай лақтыру және екі қолмен ұстап алу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты тіктеп төмен қарай еденге лақтырып, секіріп түскеннен кейін оны екі қолмен қағып алу. Ептілікпен итеріліп және жартылай бүгілген аяқпен кедергінің үстінен секіріп түсе білуді бекіту. Ептілікті, төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Тұрмыстық заттармен таныстыра отырып балалардың ой-өрісін кеңейте түсуді жетілдіру, мейірімділікке, төзімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Асықты беріп жіберші». Мақсаты: ұсақ заттарды қолдана білуге жаттықтыру, шапшаңдықты, зейінін дамыту.	
65.Әжемнің сыйлықтары	Негізгі қимылдары: гимнастикалық сәкіге мініп-түсу. Допты еденге лақтыру және оны қағып алу. Мақсаты: гимнастикалық орындықтан аттап өту дағдысын қалыптастыру.	

	Міндеттері: қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып, гимнастикалық сәкіге мініп-түсуді үйрету. Доп секіріп түскеннен кейін, екі қолмен екі жағынан ұстап, қағып алуға үйенуді бекіту. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтап, дене бітімін тік ұстап еркін жүруді және жүгіре білуді жетілдіру.Ептілікті, төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру, Денешынықтыру сабағына деген қызығушылықты арттыру. Ойын:«Асықты беріп жіберші». Мақсаты:қолдың ұсақ қимылын жетілдіруді жалғастыру, шапшаңдықты, зейінін дамыту.	
66.Секіргіш қоянға қонаққа барамыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: қар үйіндісінің үстімен жүру (тепе-теңдік сақтау).Бір-бірін шанамен сырғанату. Мақсаты:«Қояндар» саусақ гимнастикасын, спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері:Бір-бірін шанамен сырғанату кезінде қимыл әрекеттерін қалыптастыруды жалғастыру. Қар үйіндісінің үстімен дұрыс жүре білу рефлексін, қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін қалыптастыру. Өкпесінің сыйымдылығын кеңейте түсуге ықпал етуді жалғастыру. Ойын: «Әткеншек». Мақсаты:шапшаңдығын дамытуды жалғастыру.	
67.Теңіз жағасында	Негізгі қимылдары: бір-бірінен 15 см қашықтықта орналасқан кірпіштің үстімен жүру(тепе-теңдік сақтауға арналған жаттығу). Гимнастикалық сәкіден өтіп төрттағандап еңбектеу. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру, дене мен аяқ-қол бұлшық еттерін нығайту. Міндеттері: тепе-теңдікті сақтай отырып, бір кірпіштен екіншісіне аттап өтуге үйрету. Қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Кедергілердің үстінен өте білуді бекіту, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, ептілікті жетілдіру. Денешынықтырудың әртүрлі жаттығуларымен қозғалыс тәжірибесін толықтыру. Жаттығу орындау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру, ұсақ қимыл қозғалысын, күшін, ептілігін дамыту. Денешынықтыру жаттығуларын әдетке айналдыруға, өз денсаулығына мұқият қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Көлбақалар». Мақсаты: тереңдікке секіруге жаттықтыру, мәтінге сай қимыл-қозғалыстар жасай білуді жетілдіру.	
68.Орманға саяхат	Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар. Бір-бірінен 15 см қашықтықта орналасқан кірпіштің үстімен жүру. Ені 50 см қақпадан 2 метр қашықтыққа допты домалату. Мақсаты:Көз гимнастикасы және «Індегі қоян» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы дене жаттығуларын орныдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: жануарлардың қимыл-қозғалыстарын көрсете білуге үйрету. Шектелген алаңда тепе-теңдік сақтай білуді бекіту. Допты қақпаға ептілікпен итеріп домалатуға жаттықтыру.Қимыл-қозғалысты рет-ретімен, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындай білуді қалыптастыру. Төзімділікті, ептілікті, зейінін дамыту. Белсенді демалу әдетіне, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. Ойын: «Өз үйінді тап!».	

	Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындау.	
69. Қар қиыршықтар ы(таза ауада)	Негізгі қимылдары: Тереңдікке секіру – қар үйіндісінен жолға секіріп түсу. Шанамен бір-бірін сырғанату. Мақсаты: тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері:тереңдікке секіруді үйренуді жалғастыру, секіре алдында итерілгенде табанын дұрыс қоя білуді, секіріп түскенде өкшеден бастап табанымен түсуге қалыптастыру. Шанаға артынан сүйену және артынан жүру арқылы бір-бірін шанамен сырғанату білігін бекіту. Тыныс алу тереңдігін және тыныс алу жиілігін тұрақтандыруға ықпал ету. Табиғат құбылыстары туралы білімдерін толықтыра түсу. Ойын: «Пойыз». Мақсаты:өзінің басқан қадамын басқа балалардың қадамымен сәйкестендіре білуді жетілдіру.	
70.Ормандағы достармен кездесу	Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттан екі аяқпен секіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Бірі-бірінен 2 м қашықтықта орналасып, аяқтарын айқара аша отырып бір-біріне допты домалату. Мақсаты:«Шырша» саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: жазықтықтан екі аяқтың епті қимылымен итеріліп, кедергілерден секіріп түсуге үйрену. Жан-жануарлардың қимыл-қозғалысын жеткізе білуді бекіту. Доптың бағытын сақтай отырып бірі-біріне домалатуға жаттығу.Барлығы бірдей қарқында қимыл-қозғалыс жасай білуді қалыптастыруды жалғастыру. Қозғалыс үйлесімділігін, мәнерін дамыту. Денешынықтыру жаттығуларына оң көзқараспен қарауға, жинақылыққа тәрбиелеу. Жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойын:«Кетті, кетті орамал». Мақсаты: қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, заттарды өз мақсатында қолдана білу	
71.Микки-маус	Негізгі қимылдары: Диаметрі 15 см допты екі қолымен ұстап, жіп арқылы бастан асыра лақтыру. Биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіру. Мақсаты:көзге арналған гимнастиканы қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: допты 2 м қашықтыққа баланың жоғары созылған қолының биіктігіндей биіктікке тартылған жіп арқылы қолды ептілікпен созып лақтыруға үйрету. Ептілікпен итеріліп және жартылай бүгілген аяқпен секіріп түсу әдісімен кедергінің үстінен секіріп түсуді бекіту. Талдау жүйесінің үйлесімділігіне ықпал ету, қимыл-қозғалыстарды ретімен орындауды жетілдіру, ойыншықтарға мұқият қарауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Ойын:«Батпақтан өтіп кету». Мақсаты: бір ізбен жүруге жаттықтыру, зейінін дамыту, тепе-теңдікті сақтай білу.	
72.Секіре де, жүгіре де білеміз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: төбешіктен шанамен сырғанау. Алаңмен жүгіру. Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері:шанамен төбешікке шығу және одан түсуді жетілдіру. Түрлі түсті мұзды немесе шайбаны аяқпен итере отырып алаңның бір жағынан екінші жағына алаңдағы белгіге дейін жүгіруге жаттықтыруды жалғастыру. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Спорттық жаттығуларға	

	қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын: «Шанаға қарай жүгір» Мақсаты: жүгіру, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту.	
73.Ерекше қонақтар	Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға шығу және одан түсу. Диаметрі 15 см допты екі қолымен ұстап, тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты: гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық қабырғаға шығып және одан түсуге, тұтқасын 4 саусақпен жоғарыдан, бас бармақпен төменнен дұрыс ұстай білуге үйрету. Доптың бағытына түзу траектория бере білуге, допты домалатқаннан кейін қолды түзу соза білуді бекіту. Жаттығуларды бәрі бір қарқынмен орындай білуді бекіту, дене бітімін тік ұстау, берілген бағытты сақтай білу. Сапқа тұру және қайта тұрудың қарапайым әдісін жетілдіруді жалғастыру. Ептілікті, төзімділікті дамыту. Талдау жүйесін жетілдіруге ықпал ету, белсенді демалу әдетіне тәрбиелеу, үнемі қозғалыста болу. Ойын: «Аттар». Мақсаты: музыканың әртүрлі ырғағымен атқа шауып, шабандоз болуға үйрету.	
74.Көңілді жарыстар .	Негізгі қимылдары: биіктігі 20 см кедергілерді (текшелердің үстіне қойылған тақтайшалар) аттап өту. Гимнастикалық қабырғаға шығу және одан түсу. Мақсаты: заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: кедергілерден аттап өтуді, тізелерін жоғары көтеріп және ептілікпен аяқтарын түсіргенде бақаймен түсуді, денесін тік ұстап, нық тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Гимнастикалық қабырғаға шығу және одан түсе білуді бекіту, қозғалыс үйлесімділігін, батылдығын жетілдіру. Таныс қимыл-қозғалысты жеңіл және еркін, бір қарқынмен және кеңістікте бағдарын айқындай отыра, теппе-теңдікті сақтап орындай білуді қалыптастыру. Ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты жетілдіру, белсенді демалу әдетіне тәрбиелеу, үнемі қозғалыста болу, өзінен әлсіз балаларды кемсітпеу. Бір-біріне мейірімді болуға тәрбиелеу. Ойын: «Қарлығаш». Мақсаты: еркін бағытта жүгіруге жаттықтыру, шапшаңдығын жетілдіру	
75.Орманда қонжық тоңыпты, Мұз қатқан қыс та келіпті (таза ауада)	Негізгі қимылдары: екі аяқтап алға қарай құрсаудан-құрсауға секіру («Классики» ойыны: аяқты бірге, екі жаққа). Бүрді алысқа лақтыру. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Задачи: Екі аяқтап алға қарай құрсаудан-құрсауға секіруді орындауға үйрету . оң және сол қолдарымен алысқа лақтыру дағдысын қалыптастыру. Жаттығуларды бәрі бір қарқынмен орындай білуді, дене бітімін тік ұстауды, берілген бағытты сақтай білуді қалыптастыру. Ептілікті, күшін, зейінін дамыту. Қазақстан аумағын мекендейтін жыртқыш аңдарды таныстыру, көрнекті әрекетті ойлау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытуға ықпал ету. Ойын: «Қонжықты оятайық». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындауды қалыптастыруды жалғастыру, жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамау	
76.Балапанда р	Негізгі қимылдары: жылдам қарқынмен тіке бағытта 10 м қашықтыққа жүгіру. 25 см биіктіктегі баспалдақтың тақтайшаларынан аттап өту. Мақсаты: «Түрлі түсті шарларды үрлейміз» тыныс алу гимнастикасын; «Тауық пен балапандар» аяқ массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын	

	қалыптастыру. Міндеттері:жылдам қарқынмен жүгіруге, алшақ қадамдар жасауға, бір-біріне кедергі жасамауға үйрету.Аттап жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту.Баспалдақтың тақтайшаларынан бір қарқында аттап өтуді, тізелерін жоғары көтеріп және ептілікпен аяқтарын түсіргенде бақайының ұшымен түсуді бекіту. Жеңіл әрі еркін, бір қарқынмен жүруді және жүгіре білуді, топтаса сапқа тұрғанда өз орнын таба білуді қалыптастыру. Ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты жетілдіру, қоршаған ортаға мұқият қарауға, мейірімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Балапандар». Мақсаты: сапқа шапшаң тұруға жаттықтыру, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру.	
77.Көбірек күле біл	Негізгі қимылдары: бір аяқтан екіншісіне секіру. 10 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекіткен көлбеу тақтайдан сырғанап түсу. Мақсаты:аяқтан аяққа секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бір аяқтан екіншісіне секіруге үйрету, бір аяқпен ептілікпен итеріліп, екіншісімен түсу. Жылдам қарқынмен жүгіруді бекіту, қолдың белсенді қимылын, аяқтың басқан қадамымен үйлестіру, шеңберді тарылтпау. Көлбеу тақтайдан сырғанап түсуге жаттығу, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Талдау жүйесінің үйлесімділігін, ептілікті дамыту. Қоршаған ортаға оң көзқарас, жылы шырай қалыптастыру. Ойын: Айгөлек-ау, Айгөлек, кел, билейік дөңгелеп Мақсаты: қимыл-қозғалысты музыка ырғағымен, мәнерлі орындай білуді қалыптастыру	
78.Кел, шынығайық, жаттығу жасайық! (таза ауада)	Негізгі қимылдары: сапқа тұру және жұптасып жүру. 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Еденде жатқан кедергілерден аттап өту. Мақсаты:«Көжек» биоогиялық белсенді зоналарына массаж жасау арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері:жұптасып сапқа тұра білуді жетілдіруді жалғастыру, жұптасып жүру. Кедергілерден аттап өткенде тепе-теңдікті сақтай білу, дұрыс жүріс рефлексін жетілдіру. Алға қарай секіруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілетін дамыту, ырғақты сақтау, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты жеделдете немесе баяулата білу.Балаларды Денешынықтыру сабағына оң көзқарас танытуға тәрбиелеу. Суық тию ауруларының алдын алу, биологиялық белсенді жерлерін сылап-сипау. Қимыл-қозғалыс ойын: «Ойыншық алып кел». Мақсаты: қозғалыс бағытын сақтай білуді қалыптастыруды жалғастыру, көзөлшемін жетілдіру	
79. Тақырыбы: Наурызға сыйлықтар	Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықтан көлденең нысанаға екі қолмен төменнен лақтыру. Бір аяқтан екіншісіне секіру. Мақсаты:көлденең нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері:диаметрі 15 см допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтырып, соңынан қолды созып жіберуге үйрету, көзөлшемін жетілдіру. Бір аяқпен итерілуге үйрену, бір аяқтан екіншісіне секіргенде денесін, басын тік ұстау. Баланың қимыл-қозғалысын халықтың салт-дәстүрімен, ойындарымен таныстыра отырып толықтыруды жалғастыру. Төзімділігін, қозғалыс үйлесімділігін, зейінін жетілдіру,	

	достық қарым-қатынас, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу, басқа балалармен бірігіп ойнай білу. Ойын: «Бәйге». Мақсаты: қозғалыста жылдам қимылдауға жаттықтыру, шапшаңдығын дамыту	
80.Наурыз	Негізгі қимылдары: еденде жатқан ені – 25 см, ұзындығы 2 метр тақтайда төрттағандап еңбектеу. 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға екі қолмен төменнен тигізу. Мақсаты: төрттағандап еңбектеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шектелген алаңда алақан мен тізені тіреп еңбектеуді үйренуді жалғастыру. Доптың бағытына түзу траектория бере білуді, допты домалатқаннан кейін қолды түзу соза білуді бекіту. Педагогтің түсіндіргендерін тыңдай білуді, көрсеткенін бақылай білуді қалыптастыру. Төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту. Баланың қимыл-қозғалысын халықтың салт-дәстүрімен, ойындармен таныстыра отырып толықтыруды жалғастыру. Ойын: «Қасқыр мен лақтар». Мақсаты: жалтара жүгіруге жаттықтыру, шапшаңдығын жетілдіру.	
81.Қадамды нық басамыз, Аяққа күш қосамыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: Шашыла жүру және жүгіру, жылдам қарқынмен 14 метр қашықтыққа жүгіру. Тереңдікке секіру – биіктігі 20 см сәкіден жартылай бүгілген аяқпен секіріп түсу. Допты жоғарыға лақтырып, екі қолмен қағып алу. Мақсаты: допты жоғары лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: допты жоғарыға лақтырып, екі қолмен қағып алуға үйрету, допты төменнен жоғарыға алға қарай екі қолмен лақтыра білуді қалыптастыру. Жылдам қарқынмен жүгіруді, кең адым жасай білуді, бір-біріне кедергі жасамауды бекітуді жалғастыру. Тереңдікке секіру жаттығуларын жалғастыру, итерілгенде табанды дұрыс қоя білу, секіріп түскенде өкшеден бастап табанға түсуді қалыптастыру. Көзөлшемді, зейінді, үйлестіру қабілетін жетілдіру, мейірімділікке, жаттығу залында өзін ұстай білуге тәрбиелеу. Дыбыс шығару, дұрыс сөйлей білуге ықпал ету. Суық тию ауруларының алдын алу. Ойын: «Пойыз». Мақсаты: сапта жүре білуге жаттығуды жалғастыру, өз іс-әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білуді жетілдіру.	
82.Біз күштірек, үлкенірек боламыз .	Негізгі қимылдары: бір жағы 20 см көтерілген көлбеу тақтайдың үстімен жүру. Ені – 25 см, ұзындығы 2 м еденде жатқан тақтайдың үстімен алақан мен табанды тіреп, төрттағандап еңбектеу. Мақсаты: тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу тақтайдың үстінде жүруге жаттығу, шектелген алаңда алға тіке қарап, дене бітімін тіке ұстауды үйрену. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіре отырып, шектеулі алаң үстінде алақан мен табанды тіреп еңбектей білуді бекіту. Педагогтің нұсқауларын дұрыс орындай білуді қалыптастыру, тыныс алу-тоқтау кезеңін реттеу. Төзімділікті, жинақылықты, өз орнын таба білуді жетілдіру, мейірімділікке, ойында жеңіле білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қарлығаш». Мақсаты: жүгіруге жаттығу, қол мен аяқ қимылын үйлестіруді, зейінді жетілдіру	
83.Суреттер- мен жұмыс	Негізгі қимылдары: баяу қарқынмен жүгіру (40 секунд). Тепе-теңдікке жаттығулар, бір жағы 30 см көтерілген	

істеуге тапсырма	тақтаймен жоғары және төмен қарай жүру. Бір-бірінен 1 метр арақашықтықпен бір қатарға қойылған кедергілердің арасынан допты «жыландай» ирелендетіп домалату (қатардың жалпы ұзындығы 6 метр). Мақсаты: доптарды «ирелендете» домалату дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: баяу қарқынмен жүгіруге, адымдарын азайта жүгіруге, жүгіру бағытын сақтай білуге жаттықтыру. Бір-бірінен 1 метр арақашықтықпен бір қатарға қойылған кедергілердің арасынан допты «жыландай» ирелендетіп домалатуға жаттықтыру, кедергілерді оңынан да, солынан да айналып өте білу. Көлбеу тақтайда бағытты өзгерте, тепе-теңдікті сақтап жүре білуді бекіту. Суреттегі бейнелерді өз қимыл-қозғалысымен көрсете білуді қалыптастыру. Ептілікті, күшін дамыту, белсенді демалу әдетіне тәрбиелеу. Ойын: «Тыныштық». Мақсаты: қимыл-қозғалысты мәтіндегідей орындай білуді бекіту.	
84. Біз көңілді ойнаймыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: бүрлерді оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Мақсаты: «Қоңыздар» тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: шеңбер бойымен жүру, жүгіру, алға жылжи отырып секіру кезінде жұмсақ түсуге жаттықтыру; Оң және сол қолдарымен алысқа лақтыруға үйрету. Батырлықты, ептілікті дамытуға, белгі бойынша қимылды тоқтатуға ықпал ету. Мейірімділікке, бірге ойнауға тәрбиелеу. Ойын: «Әткеншек» Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге және жүгіруге үйрету.	
85. Бәріне де цирк ұнайды	Негізгі қимылдары: секіріп жүгіру. Баяу қарқынмен жүгіру (40 секунд). Еденге тігінен қойылған үш шеңберден еңбектеп өту. Мақсаты: шоқырақтап тура жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: секіріп жүгіруді үйрету, қол мен аяқ қимылын үйлестіру. Қолды бос ұстап, шеңберді тарылтпай бір қарқынмен баяу жүгіре білуді бекіту, төзімділікті жетілдіру. Еденге тігінен қойылған шеңберден еңбектеп өтуге жаттықтыру. Қимыл-қозғалысты мәнерлі, жатық орындауды жетілдіру, дене бітімін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтай отыра еркін жүру әрі жүгіре білу, топта сапқа тұрғанда өз орнын таба білу. Жан-жануарларға қамқорлық таныту, жан-жағына жылы шырай, оң көзқарас білдіру. Ойын: «Секір де, шапалақ ұр». Мақсаты: секіруге жаттығу, педагогтің берген белгісімен қиыл-қозғалыс жасай білу, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіру.	
86. Бір, екі, үш, төрт, бес, Біз ойнаймыз бірігіп	Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықтағы көлденең тұрған нысанаға екі қолмен кеудеден лақтыру. Секіріп жүгіру. Бір-бірінің қолынан ұстап шеңбермен жүру. Мақсаты: көлденең нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: диаметрі 15 см допты көлденең тұрған нысанаға екі қолмен кеудеден лақтырып, қолды ептілікпен тіке созуға үйрету, көзөлшемді дамыту. Секіріп жүгіруді, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін бекіту. Бір-бірінің қолынан ұстап шеңбермен жүру, шеңберге шапшаң тұра білу, бір-біріне кедергі келтірмеу. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Дене бітімін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтап, еркін жүру мен жүгіре білуді жетілдіру. Ептілікті, төзімділікті, қимыл үйлесімділігін сақтай білуді жетілдіру, Денешынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруға	

	тәрбиелеу. Ойын: «Марғаулар мен балақайлар». Мақсаты: тіке бағытта төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру, мейірімділікке, нәзіктікке тәрбиелеу	
87. Қозғалыс көңіл күйді көтереді (таза ауада)	Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсу. Диметрі 15 см допты тордан екі қолмен бастан асыра лақтыру. Мақсаты: аласа заттардан секіріп түсу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсуді үйретуді жалғастыру, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін, батылдығын жетілдіру. Допты лақтырғанда дұрыс траектория бере білуді бекіту, допты жоғары-төмен қолды епті созып лақтыра білу. Жаттығуларды барлығымен бір қарқында орындай білу, дене бітімін дұрыс ұстап, белгіленген бағытты сақтай білу. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Ептілікті, төзімділікті дамыту, талдау жүйесін жетілдіруге ықпал ету, белсенді демалу әдетіне, мейірімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Өз түсінді тап!». Мақсаты: байқағыштықты, ұсақ қимыл-қозғалысты дамыту, түстерді ажырата білу, кеңістікте бағдарын айқындай білу.	
88. Ормандағы алаңқайда ойнаймыз	Негізгі қимылдары: алақан мен тізені тіреп, модульді аттап өтіп, төрттағандап еңбектеу. 2 метр қашықтықтағы көлденең тұрған нысанаға екі қолмен кеудеден лақтыру. Мақсаты: бірнеше заттардан асып өту дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бірнеше кедергілерден өтуге, қол мен аяқ қимылын үйлестіруге, ептілікке үйрету. Допты лақтырғанда допқа түзу траектория бере білуді бекіту, допты қолды епті созып лақтыра білу. Тапсырмаларды рет-ретімен орындауды, педагогтің тапсырмасын дұрыс орындауды қалыптастыру. Төзімділікті, суық тию ауруларына қарсы тұра білуді, зейінін дамыту, белсенді демалуға, мейірімділікке тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен лақтар». Мақсаты: жалтара жүгіре білуді бекіту, зейінін, шапшаңдығын дамыту.	
89. Көктемгі көңіл күй	Негізгі қимылдары: тегістелген бөрене үстімен жүру Модульдерден алақан мен табанды тіреп төрттағандап еңбектеп өту. Мақсаты: бөренемен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бөренемен жүруге үйрену, биіктетілген тірек үстінде тепе-теңдікті сақтай білу. Кедергілер арқылы өте білуді, қол мен аяқ қимылын үйлестіре білуді бекіту. Бағытты өзгертіп жүруге және жүгіруге жаттықтыру, бағытты өзгерте білуді жетілдіру, саптың қатарын бұзбай жүру мен жүгіруді алмастыра білу. Педагогтің тапсырмасын дұрыс орындауға қалыптастыруды жалғастыру, тыныс алу-тоқтау кезеңін реттеу. Төзімділікті, жинақылықты, өз орнын таба білуді дамыту, мейірімділікке, ойындағы жеңіліске тәрбиелеу. Ойын: «Күн мен жаңбыр». Мақсаты: зейінді, бидің қарапайым қимылдарын жасай білуді, өз орнын шапшаң таба білуді жетілдіру	
90. Біздің қолдар жай емес, біздің қолдар	Негізгі қимылдары: допты еденге лақтырып, секіріп түскенде қағып алу. Гимнастикалық баспалдаққа міну, төменгі тақтайшалар арқылы келесісіне өте білу. Мақсаты: допты жерге соғу дағдысын қалыптастыру.	

алтын ғой (таза ауада)	Міндеттері: допты еденге лақтырып, секіріп түскенде қағып ала білуді үйренуді жалғастыру, допты төмен қарай тігінен еденге лақтырып, екі қолымен бүйірінен ұстап алуды жетілдіру. Гимнастикалық баспалдаққа мінуді, төменгі тақтайшалар арқылы келесісіне өте білуді, қимыл үйлесімділігін жетілдіру. Кеңістікте бағдарын айқындау, үйлестіру қабілетін, зейінін дамыту. Денешынықтыру сабағына оң көзқараспен қарауды қалыптастыру, өз денсаулығына мұқият болуға тәрбиелеу. Ойын: «Қоймадағы тышқандар». Мақсаты: жан-жануарлардың ерекшеліктерін мәнерлі көрсете білуді бекіту.	
91.Сиқырлы қоңырау	Негізгі қимылдары: аяқты алға қарай қойып жүру. Тегістелген бөрене үстімен жүру.Музыкалы-ырғақты қимылдар. Мақсаты: нық қадаммен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: аяқты алға қарай қойып жүруді, бір аяқты алға қойып, оған екіншісін тіреуді үйрену. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтай білу. Қимыл арқылы музыканы бейнелей білуді жетілдіру. Дене бітімін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтай отыра еркін жүру әрі жүгіре білуді жетілдіру.Ептілікті, төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, Денешынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр аулау». Мақсаты: еңбектеуге жаттығу, өз іс-әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білуді дамыту.	
92.Бауырсақ, бауырсақ	Негізгі қимылдары: кедергілер арасынан «жыланша» ирелендеп жүру.Орнында тұрып екі сызық арқылы ұзындыққа секіру.Доға астынан еңбектеу (биіктігі – 50 см). Мақсаты: ирелендеп жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: кедергілер арасынан тепе-теңдікті сақтап «жыланша» ирелендеп өту.Жартылай бүгілген аяқтарымен екі сызықтан секіруге жаттығу. Кедергілер арасынан еңбектей өтіп, доғадан өте білуді бекіту. Денешынықтыру жаттығулары мен әртүрлі қозғалыс ойындары арқылы қимыл-қозғалыстарын толықтыру. Жаттығу орындау барысында тыныс алуды тоқтатпауға қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты, күшін, ептілігін дамыту. Ойын: «Серігінді тап!»	
93.Тентек доптар Саусақтарды шыңдайды (таза ауада)	Негізгі қимылдары: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.Тереңдікке секіру – 20 см биіктіктегі сәкіден секіру. Мақсаты: допты лақтыру және екі қолмен ұстау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: допты еденге лақтырып, секіріп түскенде қағып ала білуді үйренуді жалғастыру, допты төмен қарай тігінен еденге лақтырып, екі қолымен бүйірінен ұстап алуды жетілдіру.Сәкіден секіріп түскенде тепе-теңдікті сақтай білуді, басты және денені тік ұстап, алға қарай білуді бекіту. Жаттығу орындау барысында тыныс алуды тоқтатпауға қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты, күшін, ептілігін дамыту. Денешынықтыру жаттығуларын әдетке айналдыруға, денсаулығына мұқият қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Менің көңілді добым» Мақсаты:	
94.1-2-3 – кітапқа жан біт!	Негізгі қимылдары: алға қарай ұмтылып екі аяқпен 3 метр қашықтыққа секіру.Бақаймен жүру және жүгіру.Кедергілер арасынан «жыланша» ирелендеп өту. Мақсаты: екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бір мезетте екі аяқпен итеріліп, бақаймен секіріп түсу.Дене бітімін тік ұстап, табанның алдыңғы жағымен бір	

	қарқынмен жүру және жеңіл жүгіруді бекіту.Кедергілер арасынан еңбектеп өту, қол мен аяқ қимылын үйлестіруді жетілдіру.Суреттегі бейнелерді өз қимыл-қозғалысы арқылы көрсете білуді қалыптастыру. Ептілікті, күшін жетілдіру, ойнай білуге, ойын кезінде ойын ережесін сақтай білуге тәрбиелеу. Ойын: «Шенберге шапшаң келіп тұр». Мақсаты: шапшаңдығын дамыту, шеңбермен жүгіруге жаттықтыру.	
95.Балақайлар хайуанаттар бағында	Негізгі қимылдары: алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы 10 м).Тепе-теңдікті сақтай отыра бір-бірінен 20 см қашықтықта жатқан кедергілер арқылы аттап жүру. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан сырғанау. Мақсаты:тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері:алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл әрі бір қарқынмен жүгіруге үйрету, өз жүгірісін басқа балалардың жүгіруімен сәйкестендіру.Кедергілерді аттап өткенде тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Көлбеу тақтаймен сырғанауға жаттықтыру, қозғалыс үйлесімділігін, батылдығын жетілдіру. Кеңістікте бағдарын айқындап және тепе-теңдігін сақтай отырып, таныс қимылдарды жеңіл әрі еркін, ырғақпен орындай білуді қалыптастыру. Ептілігін, шапшаңдығын, тапқырлығын дамыту, жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ойын:«Тыныш өтіп кет». Мақсаты: бақаймен жүруге жаттықтыру, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру.	
96.Аңдарға арналған жаттығу (таза ауада)	Негізгі қимылдары: бір орыннан ұзындыққа секіру. Допты қақпаға домалату. Мақсаты:бір орыннан ұзындыққа секіру. Допты қақпаға домалату. Міндеттері: аяқ пен қолдың қимылын үйлестіруді жетілдіруді жалғастыру.Кедергілер арасынан «жыландай» ирелендеп жүгіруге жаттығу, оң және сол жақтағы кедергілерге соқтықпай өтіп кетуді жетілдіру, ептілікті дамыту.Бір орыннан ұзындыққа секіру, допты қақпаға домалату кезінде ептілікті дамыту. Дұрыс жүре білу рефлексін қалыптастыруды және өкпесінің сыйымдылығын кеңейте түсуге ықпал етуді жалғастыру. ҚР аумағындағы жан-жануарлар туралы білімін толықтыру, мейірімділікке, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
97.Орман,тоғайға серуенге барамыз	Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттың үстінде екі аяқпен секіру.Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру.Биіктігі – 20 см, ені 20 см гимнастикалық сәкінің үстімен жүру. Мақсаты:тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері:екі аяқпен ептілікпен еденнен итеріліп, кедергіден секіріп өтуге үйрету. Саптағы қатарды бұзбай, бағытты өзгерте отырып жүру мен жүгіруді алмастыруға жаттықтыру. Биіктетілген тіректе жүргенде тепе-теңдікті сақтай білу. Халықтың салт-дәстүрі мен ойындары арқылы баланың қимыл-қозғалысын толықтыра түсу. Төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, достық қарым-қатынасты, ұжымдық қатынасты жетілдіру, бірлесіп ойнай білу. Ойын:«Ең епті». Мақсаты: саусақтары айқара ашылған алақанымен допты қағып алуға	

	үйретуді бекіту.	
98. Күлкіден шуақ шашылған	Негізгі қимылдары: допты еденге лақтырып қағып алу. Биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіріп түсу. Мақсаты: тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; майтабан профилактикасы. Міндеттері: допты төмен қарай тігінен еденге лақтырып, екі қолымен қағып алуды үйрену. Ептілікпен итеріліп және жартылай бүгілген аяғымен кедергілерден секіріп түсе білуді бекіту. Педагогтің түсіндіргенін мұқият тыңдай білуді қалыптастыру, көрсеткендерін бақылай білу. Төзімділігін, қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға оң көзқарас, жылы шыраймен қарай білуді қалыптастыру. Ойын: «Будақ-будақ жіп». Мақсаты: ұсақ заттарды қолдана білуге жаттығу, шапшаңдығын дамыту.	
99. 1, 2, 3, 4, 5 – көгалда біз ойнаймыз (ауада	Негізгі қимылдары: 17 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Жіп үстінде бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың бақайына тіреп жүру. Екі аяқпен 6 жіптің (әрқайсысынан кезекпен) үстінен секіру. Мақсаты: Көзге арналған «Шегіртке» гимнастикасын, «Жәндіктер» қолға арналған массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: жылдам қарқынмен жүгіре білуді, кең адымдар жасауды, бір-біріне кедергі келтірмеуді бекіту. Қысқартылған алаң үстінде жүргенде тепе-теңдік сақтай білуді бекіту. Бір мезетте екі аяқпен ептілікпен итеріліп және бақайымен секіріп түсуді бекітуді жалғастыру. Туған өлкенің табиғаты туралы білімін толықтыра түсуді жалғастыру. Саусақтардың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, су-джок шариктерін қолдану арқылы иммунитетті көтеруді жетілдіру	
100. Епті тышқандар	Негізгі қимылдары: диаметрі 15 см допты жіп арқылы екі қолмен бастан асырып лақтыру. Биіктігі 10 см заттан екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты арқан арқылы лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: 2 м қашықтықта тұрып, жоғары созылған қолдың биіктігімен созылған жіп арқылы допты бір-біріне лақтыруға үйрету. Ептілікпен итеріліп және жартылай бүгілген аяғымен кедергілерден секіріп түсе білуді бекіту. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Жаттығу орындау барысында тыныс алуды тоқтатпауға қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты, күшін, ептілігін дамыту. Денешынықтыру жаттығуларын әдетке айналдыруға, денсаулығына мұқият болуға тәрбиелеу. Ойын: «Батпақтан өту». Мақсаты: бір ізбен жүруге жаттығу, тепе-теңдікті сақтай білуді дамыту.	
101. Африкадан келген қонақтар	Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсу. Диаметрі 15 см допты екі қолмен тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты: гимнастикалық қабырғада өрмелеу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсуді, тұтқаларынан дұрыс ұстауға (4 саусақпен жоғарыдан, бас бармағымен төменнен) үйрету. Доптың бағытына дұрыс траектория беруді, допты жоғары-төмен қолды епті соза бағыттауды бекіту. Қимыл-қозғалыстарды әртүрлі денешынықтыру жаттығулары мен қимыл-қозғалыс ойындармен толықтыру. Берілген белгіні қозғалыстың басында да, соңында да қабылдай білу. Ептілігін, төзімділігін, қимыл	

	үйлесімділігін жетілдіру, өзінен әлсіз балаларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Орнынды тап!». Мақсаты: жалтарып жүгіруге жаттықтыру, өз орнын таба білуді жетілдіру.	
102. Көктем келді күлімдеп (таза ауада)	Негізгі қимылдары: жұптасып жүру және шашыла жүгіру. Көлбеу жазықтықтан допты домалату. Бір-бірінен 15 қашықтықта қойылған кірпіштің үстімен жүру. 3 дөңгелекті велосипед тебу. Мақсаты: велосипед тебу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: допты домалатуға жаттығу, оны бар жігерімен итере білу, көзөлшемді жетілдіру. Жұптасып жүру және шашыла жүгіруге жаттығу, кірпіштің үстімен (қадамын ауыстырып) жүруге жаттығу. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, дене бітімінің, омыртқасының түзулігіне ықпал ететін икемді жаттығулар жасай білу. Балаларға табиғат құбылыстары туралы білімдерін толықтыра түсуге ықпал ету. Ептілігін, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, жинақылыққа, қосылып ойнауға, айналаға оң көзқараспен қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Күн және жаңбыр». Мақсаты: бірігіп әрекет жасауды жетілдіру, кеңістікте бағдарын айқындау, шашандығын дамыту.	
103. Көгалға шығамыз, көңілді ойнаймыз	Негізгі қимылдары: жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп биіктікке секіру. Ені – 25 см, ұзындығы 2,5 м тіке жолмен жүру және жүгіру. Мақсаты: жоғары қарай секіріп, затқа қолды тигізу затқа қолын дағдысын бекіту. Міндеттері: жоғарыда тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіруге үйрету, еденнен ептілікпен аяқпен итеріле, биігірек секіруді жетілдіру. Ені – 25 см, ұзындығы 2,5 м тіке жолмен жүруге және жүгіруге жаттығу, шектеулі алаң үстінде жүргенде және жүгіргенде тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Ептілікті, зейінін дамыту. Баланың талдау жүйесінің қозғау жүйелерімен бірлесуін дамытуға, өкпе сыйымдылығын ұлғайтуға ықпал ету. Қоршаған ортаға мұқият қарауға тәрбиелеу, табиғат құбылыстары туралы білімін толықтыру. Ойын: «Өз гүлінді тап!». Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындау, заттық бейнелік ойлау тәсілдерін жетілдіру	
104. Ойын-шыққа толы сандық	Негізгі қимылдары: 2 метр қашықтықтан тұрып допты бір-біріне домалату. Жоғарыда ілініп тұрған затқа басын тигізіп, биіктікке секіру. Мақсаты: допты бір-біріне домалату дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: 1,5 метр қашықтықтан тұрып допты бір-біріне домалатуға үйрету, допты екі қолдың саусақтарымен бір мезетте итере білуді қалыптастыру. Жоғарыда ілініп тұрған затқа басын тигізіп, биіктікке секіруге жаттықтыру, жазықтықтан екі аяқпен бір мезетте ептілікпен итеріле білуді бекіту. Қозғалыс үйлесімділігін, ептілікті, көзөлшемін жетілдіру, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен ойындарымен таныстыру. Ойын: «Кетті, кетті орамал». Мақсаты: шапшаңдықты, ұсақ-қимыл қозғалысын дамыту.	
105. Біз саяхаттауды ұнатамыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: жылдам қарқынмен 20 метр қашықтыққа жүгіру. Көлбеу тақтай үстінде жүру және жүгіру. Сәкіден аттап өту және сәкінің астымен өту. Велосипед тебу Мақсаты: жылдам қарқынмен жүгіруді жалғастыру, кең адымдар Міндеттері: жылдам қарқынмен жүгіруді жалғастыру, кең адымдар	

	жасап, бір-біріне кедергі келтірмеу. Нық тепе-теңдікті сақтап көлбеу тақтаймен жүруге жаттығу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын бекіту. Педагогтің нұсқауын орындай білуді, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіре білуді қалыптастыру. Саусақтарының ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, су-джок иілгіш сакиналарын қолданып, балалардың иммунитетін көтеру. Ойын: «Өз түсінді тап!». Мақсаты: заттарды түсіне қарап ажырата білуді жетілдіру, кеңістікте бағдарын айқындауды дамыту.	
106. Ормандағы соқпақ жолмен жүру	Негізгі қимылдары: бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Иректеліп қойылған жіптің бойымен жүру. Допты екі қолымен кеуде тұсынан лақтыру. Мақсаты: қол ұстасып, айнала жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен бірдей қарқынмен ырғақты ұстап жүгіруге үйрету. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Допты екі қолымен кеуде тұсынан лақтыруға, қолды шұғыл қимылмен созуға жаттықтыру. Жаттығуларды барлығы бірдей қарқынмен орындауды, денені дұрыс ұстай білуді, берілген бағытты сақтай білуді қалыптастыруды жалғастыру. Сапқа тұру мен қайта тұрудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру. Бірлесіп ойнауды, ымыраға келе білуге тәрбиелеу. Ойын: «Көпірден өтіп кет». Мақсаты: шектеулі алаңда төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру.	
107. Сәуләженің сыйлықтары	Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіру. Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкінің үстімен жүру. Мақсаты: заттан секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: еденнен екі аяқпен ептілікпен итеріліп, кедергіден секіріп өтуді үйрету. Саптың қатарын бұзбай бағытты өзгерте отырып, жүру мен жүгіруді алмастыруға жаттықтыру. Биіктетілген тірек үстінде тепе-теңдікті сақтай білу. Балалардың қимыл-қозғалысын әртүрлі ойындармен толықтыру. Төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін, зейінін жетілдіру. Достық қарым-қатынас, ұжымдық қатынасқа, бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. Ойын: «Ең епті». Мақсаты: саусақтары айқара ашылған алақанымен допты қағып ала білуді бекіту.	
108. Денсаулық еліне пойызбен саяхаттаймыз (таза ауада)	Негізгі қимылдары: оң және сол қолдарымен қашықтыққа лақтыру. Еденде жатқан шеңберге секіруге жаттықтыру, екі аяқпен бір мезетте итеріліп, бақайының басымен секіріп түсе білуді бекіту. Мақсаты: алысқа лақтыру және құрсауға секіру дағдыларын бекіту. Міндеттері: бір-бірлеп бір қатармен сапта жүруге және жүгіруге, допты қашықтыққа лақтыруға жаттықтыру. Еденде жатқан шеңберге секіруге жаттықтыру, екі аяқпен бір мезетте итеріліп, бақайының басымен секіріп түсе білуді бекіту. Дене бітімін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтап еркін жүру және жүгіре білуді жетілдіру. Ептілікті, төзімділікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, Денешынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу. Ойын: «Әткеншек». Мақсаты: шапшаң және баяу қарқынмен шеңбер бойымен қозғала білуді жетілдіру.	

Ересек топ

№	Мазмұны	ҰОҚ-ның саны
<i>І жартыжылдық</i>		
1 Тақырыбы: Біздің спортзал	Мақсаты: денешынықтару сабақтарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: балаларға саптағы орнын табуды үйрету. Бір орында тұрып жоғары секіруге үйрету, бір мезетте екі аяғымен еденнен серпіліп секіру қабілетін дамыту. Кішірейтілген алаңда жүруге жаттықтыру, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту. Алғырлық қабілеті мен зейінін дамыту, <u>Денешынықтыру сабағына деген қызығушылығын күшейту.</u>	
2 Тақырыбы: Біз азырақ сергідік...	Мақсаты: педагогтің нұсқауларын тыңдау және орындау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгертуге үйрету, өз қимылын өзге балалардың қимылымен сәйкестендіру қабілетін дамыту. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету қабілетін және сапқа тұрған кезде кеңістікте бағдар табу қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттықтыру, еденнен бір уақытта екі аяғымен серпіліп секіру қабілетін нығайту. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, ұйымшылдық қабілетін, зейінін дамыту; ұжыммен бірге жұмыс істеу, бірге ойнауға деген қызығушылығын дамыту.	
3 Таза ауада өткізу	Тақырыбы: Футбол Мақсаты: футбол добымен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Арқанның астымен еңбектеген кезде басын тигізбей өту кезінде топтасу қабілетін, ептілік пен икемділігін дамыту. Допты екпінмен итеріп, оның бағытын	
4 Тақырыбы: Біз – епті балалармыз.	Мақсаты: баланың қозғалыс қабілеті мен үйлесімділігін дамыту. Міндеттері: бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін дамыту. Ырғақпен адымдау және сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгерту қабілетін дамыту. Алақаны мен тізесіне сүйеніп түрлі бағытта еңбектеуге жаттықтыру, бір-бірімен соқтығыспай, айналып кету қабілетін нығайту. Ептілікке баулу, қимылдарын үйлестіруге және спортзал ішінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Жинақылық пен дербестікке тәрбиелеу.	
5 Тақырыбы: Түрлі түсті кегельдер	Мақсаты: секіру және допты домалату дағдыларын дамыту. Міндеттері: өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру. Денешынықтыру сабақтарына қатысты оң көзқарас қалыптастыруды жалғастыру.	
6 Тақырыбы: Ойна – көңіл көтер. Таза ауада өткізу	Мақсаты: организмнің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту. Міндеттері: организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Спорт алаңының бір жағынан қарама-қарсы жағына қарай жүгіріп өту қабілетін жетілдіру. Статикалық тепе-теңдікті сақтау қабілетін қалыптастыру. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін	

	дамыту. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету. Мейірімділікке тәрбиелеу.	
7 Тақырыбы: Көгалда (АКТ)	Мақсаты: допты домалата білу және тізерлеп жүрудағыларын дамыту. Міндеттері: өкшемен отырып, допты бір-біріне домалату қабілетін жетілдіру (қашықтық – 2 метр), допты қашықтыққа қарай итеру қабілетін дамыту. 6 метр қашықтықта алақаны мен тізесіне сүйеніп түрлі бағытта еңбектеуге жаттықтыру, бір-бірімен соқтығыспай айналып кету қабілетін нығайту. Организмнің жалпы шыдамдылық қабілетін, ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауға үйрету.	
8 Тақырыбы: Күзгі гүлшоғы	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: еденге тасталған түзу жіптің бойымен жүру, тепе-теңдікті сақтауға үйрету, дұрыс жүру рефлексін қалыптастыру. Алақандары мен тізесін тіреп еңбектеген кезде қолдары мен аяқтарының қозғалысын үйлестіре білу қабілетін нығайту. Ырғақпен секіріп жаттығу – аяқтарын бірге және бөлек-бөлек қою, қолдарын басынан жоғары көтеріп шапалақтау. Үйлестіру қабілетін дамыту, төзімділікке баулу. Қоршаған ортаның сұлулығын көре білуге, оған қайырымды болуға тәрбиелеу.	
9 Таза ауада өткізу. Тақырыбы: Біз ойнағанды жақсы көреміз	Мақсаты: көтеріңкі заттың үстімен жүру, секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету, демін ірікпей, еркін тыныстау қабілетін дамытуды жалғастыру. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Биіктегі тіреуде жүрген кезде дене сымбатын сақтап, дұрыс жүру қабілетін қалыптастыру. Дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Алға қарай секіріп жылжыған кезде бір уақытта қос аяқтап серпіле секіру және жерге жартылай бүгілген аяқтың ұшымен түсу қабілетін нығайту. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту. Бір-біріне қайырымды болуға тәрбиелеу.	
10 Тақырыбы: Көгалдағы ойындар	Мақсаты: арқанмен жүру және доптарды домалату дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: ойындардың көмегімен балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту, белсенді демалуға дағдыландыру. Қозғалыс бағытын сақтай отырып, бір-бірден сапта жүгіру қабілетін жетілдіру. Еденге тасталған түзу жіптің бойымен жүруге үйретуді жалғастыру, жіпті бойлай жүрген кезде басты дұрыс ұстау қабілетін дамыту, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Доптарды кез келген бағыттарға домалатуға жаттықтыру, допты саусақтардың көмегімен қатты итеру қабілетін дамыту, саусақтар моторикасын дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, ептілігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Бір-біріне қайырымды болуға тәрбиелеу.	
11 Тақырыбы: Түрлі түсті жалаулар	Мақсаты: секіру және еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: секіру жаттығуларын үйрету. Бір аяқ алда, екіншісі артта. Қолдарды шынайы қимылдатып, жеңіл әрі ритмге сай, саптан шықпай жүгіру. Қозғалыс бағытын сақтай отырып төрт аяқтап еңбектеуге үйретуді жалғастыру. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Дүниеге жағымды көзқараспен қарауға тәрбиелеу, жинақылыққа	

	баулу.	
12 Тақырыбы: Сымбатты дене	Мақсаты: велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: велосипедпен тура бағытта жүруге үйрету. Секірген кезде аяқтарды кезекпен ауыстыруды үйретуді жалғастыру (бір аяқ алда, екіншісі – артта). Кішірейтілген алаңда жүргенде тұрақты тепе-теңдік сақтау жаттығуларын жасау, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Дені сау, салауатты әрі әдемі болуға деген құштарлыққа баулу.	
13 Тақырыбы: Орман жұмбақтары	Мақсаты: секіру және доғаның астымен еңбектеу дағдыларын бекіту. Міндеттері: екі аяқтың ұшымен серпіле секіру (аса биік емес) қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Адымын қолдың шынайы қозғалысымен үйлестіріп басу, сызықтан шықпай жүру қабілетін нығайту. Алақаны мен табанын тіреп еңбектеуге жаттығуды жалғастыру; организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Жануарлардың табиғаттағы тіршілігі туралы түсінігін кеңейту, экологиялық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету. Жинақылыққа үйрету, зейіні мен ойлау қабілетін дамыту.	
14 Тақырыбы: Маймылмен ойнаймыз	Мақсаты: допты домалату және арқанның астымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: басын тигізбей арқанның астынан еңбектеп өту біліктерін бекіту. Арқан астынан басты тигізбей еңбектеп өтуге үйрету. Ептілік пен икемділікке баулу. Допты қақпаға домалатып салуға жаттықтыру. Допты күшпен итеруге және доптың бағытын сақтауға жаттықтыруды жалғастыру. Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау. Балалардың жанды табиғат нысандары туралы білімін байыту.	
15 Таза ауада өткізу. Тақырыбы:Жіппен ойнаймыз	Мақсаты: жерде жатқан жіптің үстімен жүру және биіктікке секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сапта қатарды бұзбай ырғақпен жүру және жүгіру қабілетін қалыптастыруды әрі қарай жалғастыру. Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау қабілетін дамыту. Жіпті бойлай жүргенде тепе-теңдікті тұрақты сақтай білу қабілетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу – табанның дұрыс жетілуін қамтамасыз ету. 40 см биіктікке тартылған жіптің астымен еңбектеп өту арқылы балалардың бойында иілгіштік және ептілік сынды қасиеттерді дамыту. Дербестікке, жинақылыққа тәрбиелеу.	
16 Тақырыбы: Әдемі болайық	Мақсаты: стандартты емес жабдықты пайдалану арқылы бой түзулігінің бұзылуының профилактикасын өткізу. Міндеттері: шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. Спортпен айналысуға, сұлу да шымыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру.	
17 Тақырыбы: Ерекше шар үйрету.	Мақсаты: доптарды бір-біріне домалату, арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру.«Отырып» бір-біріне допты домалату (қашықтық – 2 метр). Міндеттері: сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға Жіпті бойлай жүрген кезде	

	тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту. Денешынықтыру сабақтарына қызығушылығын ояту; дербестік пен жинақылыққа үйрету.	
18 Тақырыбы: Организмді шынықтырамыз .	Мақсаты: самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. Еденнен бір уақытта қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау, көрсеткендерін бақылау қабілетін қалыптастыру, жинақылыққа, зейінді болуға үйрету. Өз организмін күтуге үйрету	
19 Тақырыбы: Қоянға сауығып кетуге көмектесейік .	Мақсаты: жоғары қарай секіру және төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету	
20 Тақырыбы: Мұқият болайық	Мақсаты: допты домалату және бір орында тұрып секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру.	
21 Таза ауада өткізу. Тақырыбы: «Түрлі түсті кілемшелер»	Мақсаты: велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Епті әрі тез болуға ынталандыруды жалғастыру.	
22 Тақырыбы: Орамал	Мақсаты: қазақ ойындарын пайдалану арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту. Міндеттері: алақаны мен табанына сүйеніп төрт аяқтап еңбектеуді, еңбектеген кезде көтерілген заттың биіктігін ескеруді үйретуді жалғастыру, ептілікке баулу. Допты төменнен жоғары қарай саусақпен оп-оңай итеру және допты заттардың арасымен домалатқан кезде бағытын өзгерту қабілетін нығайту. Әлеуметтік ортада дұрыс байланыс орнату, төзімділік қабілеттерін дамыту, қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.	
23 Тақырыбы: Түрлі түсті орамалдар	Мақсаты: бой түзулігінің бұзылуының профилактикасы, үйлесімділік қабілеттерін дамыту. Міндеттері: басына қап қойып, жіпті бойлай жүруге үйрету (дене сымбатының бұзылуының алдын алу). Еңбектеген кезде қол мен	

	аяқтың жұмысын үйлестіре білу қабілетін нығайту, таяқшаның астынан еңбектеп өткен кезде оған денесін тигізбеуді үйрету; ептілік қабілетін дамыту. Жылдамдықпен оңға және солға бұрылып секіруге жаттығу. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.	
24 Таза ауада өткізу. Тақырыбы: Достармен бірге ойнаймыз	Мақсаты: ойындар және спорттық жаттығулар арқылы кеңістікті бағдарлауын дамыту. Міндеттері: үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бұгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Денешынықтыру сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыру. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру.	
25 Тақырыбы: Қуыршақтар: Айя, Майя, Серік пен Арман	Мақсаты: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту. Міндеттері: музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру. Тепе-теңдікті сақтауға жаттығу, басына қапшық қойып жіпті бойлай жүру қабілетін нығайту және басты дұрыс ұстауға үйрету; әдемі жүруге дағдыландыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Бір орында айналып секіруге үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, қозғалыстың айқындығы мен баланың ой-қиялын дамыту	
26 Тақырыбы: Ғажайып сандық	Мақсаты: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту. Міндеттері: қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету. Түрлі ырғақпен музыкаға сәйкес әртүрлі қозғалыстар жасау, ырғаққа сай жүру, қолдарын қозғалтып алға-артқа жеңіл жүгіру. Допты бір-біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру; көзбен мөлшерлеу, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында қайырымдылық, дербестік, ойыншықтарды күтіп ұстау сынды қасиеттер қалыптастыру.	
27 Таза ауада өткізу. Тақырыбы: Қонжық қалай шынықты?	Мақсаты: қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: самокат тебуді үйрету, бір аяқпен жердің бетінен күшпен итерілу. «Жыланша» жүріске және жүгіруге жаттықтыру, заттарды оң жақтан және сол жақтан айналып өту қабілетін жетілдіру. Қимылдарды саппен орындау қабілетін қалыптастыру. Қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, ырғақпен секіруге жаттықтыру (аяқтары бірге, аяқтарының арасын ашып). Жалпақтабанның алдын алу – табандағы буындардың қозғалғыштығын арттыру. Организмнің жалпы төзімділігін, ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту.	
28 Тақырыбы: Ойна әрі шымыр бол!	Мақсаты: денсаулығын күте білуін қалыптастыру, майтабан профилактикасын өткізу. Міндеттері: допты екпінмен итеріп, доптың қозғалыс бағытын сақтауға үйретуді жалғастыру. Секірген кезде аяқтың қалпын кезекпен ауыстыру қабілетін жетілдіруді жалғастыру. Кішірейтілген алаңмен	

	жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету, жүрген кезде басты дұрыс ұстай білу қабілетін дамыту, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Дені сау, келбетті, әдемі болуға деген құштарлығын ояту.	
29 Тақырыбы: Көңілді құртақандар	Мақсаты: доппен жаттығу жасау және сызық арқылы секірудағыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгіп, сәл ғана биікке секіру жаттығуларын ырғақпен орындау қабілетін нығайту. Басына құм салынған қапшық қойып жіпті бойлай жүруге жаттығу, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту, әдемі жүріске дағдыландыру. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру, оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Қимыл-қозғалыстарды балалармен бірге орындау.	
30 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Футбол ойнауы үйренеміз	Мақсаты: футбол добымен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: футбол добын еркін бағытта алып жүруге үйрету. Қос аяқтап алға секіру, екі аяқпен бір уақытта екпінмен секіру және тізесін сәл бүгіп аяқтың ұшымен жерге түсу қабілетен жетілдіру. Заттарды жанамай айналып өту қабілетін нығайту (жалпақтабанның алдын алу – табанның бұлшық еттерін дамыту). Футболдарды бір-біріне қарай домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Қозғалыстың дұрыстығы мен айқындығын дамыту, сақтық пен қайырымды болуға баулу.	
31 Тақырыбы: Менің көңілді, ұшқыр добым	Мақсаты: доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту. Міндеттері: допты жоғары лақтыруға және оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Арқанның астынан оң және сол жақ бүйірмен еңбектеп өткен кезде дұрыс топтасу қабілетін нығайту, ептілігін дамыту. Балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру, денешынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысуға құштарлығын дамыту.	
32 Тақырыбы: Түрлі түсті доптар	Мақсаты: доппен жаттығулар арқылы қозғалыс тәжірибелерін байыту. Міндеттері: шектелген алаңда денені дұрыс ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Жалпақтабанның алдын алу. Арқанның астымен оң және сол жақ бүйірмен өтуге жаттықтыру, қосалқы адымды ретімен орындау арқылы аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетін нығайту. Ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастырамыз; балалардың арасында денешынықтыру сабақтарына оң көзқарас қалыптастырып, дене жаттығуларымен өз бетінше айналысуға деген құштарлығын дамыту	
33 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Түрлі түсті сызықтар	Мақсаты: тұрақты тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: балаларды етпетінен жатып, қолдың көмегімен гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуге үйрету. Допты бір-біріне лақтырып, оны қос қолды еркін қозғалтып қағып алу қабілетін нығайту (екі қолды бастан жоғары көтеріп қағып алу, ойынға қатысатын жұп арасындағы қашықтық – 1,5 метр). Жалпақтабанның алдын алу, сіңір аппаратын нығайту және табандағы буындардың қозғалғыштығын арттыру. Балалардың бойында салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру.	
34 Тақырыбы: Епті және күшті боламыз	Мақсаты: күш пен ептілікті, допты меңгеру дағдыларын дамыту. Міндеттері: аяқты тиісті жерінде: алыстан және затқа қатты жақындамай, дер кезінде итеру қабілетін қалыптастыру. Жұптасып жеңіл әрі ырғақпен жүгіруге және жүруге үйрету. Жіптің үстімен жүргенде бойды тік ұстап, тепе-теңдікті сақтау қабілетін	

	калыптастыру. Өрекет етіп жылдамдығын, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Педагогтің тапсырмаларын тез әрі дәл орындау, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп орындау қабілетін қалыптастыруды жалғастырамыз. Балаларды ұқыпты болуға, ұжыммен бірге жұмыс істеуге үйрету.	
35 Тақырыбы: Епті болайық	Мақсаты: үйлесімділік қабілеттерін дамыту, доппен жаттығу жасау дағдыларын жетілдіру. Міндеттері: допты төмен қарай еденге лақтыру және жерге тиіп, секірген допты екі қолмен қағып алуға үйрету. 4 адымнан бастап қос аяқпен жоғарыға секіру дағдысын, секірген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін сақтай білу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Сап қатарында жүру, бағытын өзгерту. Ептілік, зейін, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Спортпен айналысуға ынталандыру, дағдыландыру.	
36 Таза ауда өткізу Тақырыбы: Спорт элементтері бар ойындар	Мақсаты: спорттық ойындар элементтері арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту. Міндеттері: бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде бастапқы қалыпта дұрыс тұруға, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындауға үйрету. Допты аяқпен екпінді түрде итеру және доптың бағытын сақтау білігін бекіту, көз мөлшерін дамыту. Қимыл үйлесімділігін, ептілікті, назарын дамыту. Төзімділікке, тәртіптілікке тәрбиелеу.	
37 Тақырыбы: Біз – көңілді балалар	Мақсаты: доппен жаттығу жасау біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: допты еденге лақтыру, жерге тиіп секірген допты қос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз; ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. Қайырымдылыққа, айналадағы тіршілік иелеріне жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету; салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру.	
38 Тақырыбы:Ерек ше орындықтар	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және еңбектеу жаттығулары арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру. Міндеттері: тапсырмаларды орындап, гимнастикалық орындық үстінде жаттығулар орындау, тепе-теңдікті сақтау.Тізе мен алақанды тіреп, бір қатарға қойылған заттардың арасымен еңбектеп жүру қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру және заттарға жанаспай жүруді үйрету. Ептілікке, шыдамдылыққа баулу, үйлестіру қабілетін дамыту; тәртіпке бағынуға, батылдыққа баулу.	
39 Таза ауада өткізу Тақырыбы:Дост армен ойнау	Мақсаты: нысанаға дәлдеп лақтыру және ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: текшені көлденең нысанаға қолды екпінді түрде түзету арқылы лақтыруға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде дұрыс бастапқы қалыпты бекіту, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындау. Ептілікті, төзімділікті, қиялын дамыту. Мейірімділік пен толеранттылыққа тәрбиелеу.	
40 Тақырыбы:Дерб естікке үйренеміз	Мақсаты: нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: заттардың арасымен қысқа-қысқа адыммен «жыланша» жүру. Қолымызды аяғымыздың қозғалысына қарай еркін қимылдату. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту;Тұрақты тепе-теңдік сақтауға және биікте тұрып тапсырмаларды орындаған кезде басты дұрыс ұстауға жаттықтыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Допты алға-жоғары лақтырып, өзіне жақындатпай, бүгілген саусақтармен қағып алу	

	кабілетін жетілдіру. Балалардың бойында дербестік, өз-өзіне сенімділік қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесімен айналысуға ынталандыру, дағдыландыру.	
41 Тақырыбы:Көңілді тышқандар	Мақсаты: футбол элементтерін қолдану, кеңістікті бағдарлау (оңға-солға) дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: алға қарай екпінмен қос аяқтап секіру және тізені жартылай бүгіп, аяқтың ұшымен жерге түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Заттарға жанаспай, оларды айналып өту қабілетін қалыптастыру (жалпақтабанның алдын алу – табандағы бұлшық еттерді нығайту). Бір-біріне фитболдарды домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Қозғалыстың дұрыстығы мен айқындығын дамыту, елгезек әрі қайырымды болуға тәрбиелеу.	
42 Таза ауада өткізу Тақырыбы:Епті болуға үйренейік	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: бір орыннан итеріле отырып, көлденең жолмен сырғанауға, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Тұрақты түрде тепе-теңдікті сақтау қабілетін жетілдіру, тақтайдың екі ұшынан бастап жүріп, екі жаққа айырылып кетуге үйрету. Оңға қосалқы адым жасап бір кермеден екіншісіне өту арқылы гимнастикалық қабырғамен өрмелеуді бекіту. 20 см биіктіктен тереңге секіруге жаттықтыруды жалғастыру. Жерге тізені сәл бүгіп түсу және жерге түскеннен кейін тепе-теңдікті сақтап қалу қабілетін дамыту. Жалпақтабанның алдын алу – сіңір аппаратын нығайту және табандағы буындардың қозғалғыштық қабілетін арттыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	
43 Тақырыбы:Құрт ақанға күлуді үйретейік	Мақсаты: баланың денсаулығын қорғау және нығайту, дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, қозғалыс қабілеті мен икемділігіне талпындыру. Міндеттері: бір-біріне доп лақтыруды және қолды төбеге көтеріп, қос қолдап қағып алу әдісін меңгеруді жалғастырамыз. Алға қарай секірген кезде қос аяқты бірдей көтеру және тізені аздап бүгіп, жерге түсу қабілетін қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Демді іште сақтамай, еркін демалу қабілетін жетілдіру. Балаларды бір-біріне қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу.	
44 Тақырыбы:Ағал арымыз сияқты күшті болайық	Мақсаты: доппен жаттығу жасау және еңбектеу арқылы салауатты өмір салтына машықтарын қалыптастыру. Міндеттері: гимнастикалық орындық бойымен етпетінен өрмелеуге үйрету. Орындықтың екі шетінен ұстап, қолдарымызбен көмектесіп өрмелейміз. Допты бір-біріне лақтырып, қолдың басын еркін қимылдатып, бір мезгілде қос қолдап қағып алу қабілетін жетілдіру. Қолды иыққа қойып, аяқтың ұшымен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға, сызықтан шығып кетпеуге жаттықтыру. Балалардың бойында салауатты өмір сүру дағдысының қалыптасуына ықпал ету, отбасына және жақындарына құрметпен қарауға үйрету.	
45 Таза ауада өткізу Тақырыбы:Ойнай жүріп, есте сақтауды дамытамыз	Мақсаты: қысқы ойындарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттері: мұзды жолмен сырғанауға, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Арақашықтығы 2 метрлік екі қатарға тұрып, қолды жоғары көтеру әдісімен бір-біріне доп лақтыруға үйрету. Жұптар арасындағы қышықтық пен допты лақтыру күшін бір-бірімен үйлестіру қабілетін дамыту. Қолмен төменге және алға қарай оқыс қимылдар жасау, бір орыннан ұзындыққа секірген кезде аяқты екпінмен алға созу, жерге тізені сәл бүгіп түсу қабілетін дамыту. Көзбен мөлшерлеу қабілетін, әрекет ету жылдамдығын дамыту; бұлшық ет тонусын реттеу қабілетін қалыптастыруды әрі қарай жалғастыру. Айналасындағы адамдармен дос болуға, жағымды көзқарас ұстанымға үйрету.	
46 Тақырыбы:Бізді	Мақсаты: көз мөлшерін дамыту, салауатты өмір салты машықтарын қалыптастыру.	

ң шағын стадион.	Міндеттері: биікте жүрген кезде денені тік ұстап, денесымбатын сақтау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Дененің дұрыс қалпын сақтап, қолдың көмегімен тартылу қабілетін нығайту, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, күшін арттыру. Балалардың санасына салауатты өмір сүру дағдысын сіңіруге ықпал ету.	
47 Тақырыбы: Қуыршақтар дүкені	Мақсаты: қозғалысты мәнерлеп орындау дағдыларын ырғаққа үйрету. Міндеттері: биікте жүрген кезде тепе-теңдік пен дене сымбатын сақтап заттарды аттап өтуге жаттықтыруды әрі қарай жалғастырамыз. Допты еденге тігінен лақтырып, жерге тиіп секіргеннен кейін қос қолдап қағып алуды үйрету. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету, қозғалыстарды орындау ізбе-ізділігі мен тәртібін сақтау.	
48 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Қысқы ойындар	Мақсаты: спорттық жаттығулар арқылы қозғалыс үйлесімділігін және төзімділікті дамыту. Міндеттері: қарды нысанаға лақтыруға, сермеуге үйрету. Бір-бірін шанамен сүйреу, шананы бірде оң, бірде сол қолымен сүйреу білігін дамыту. Тұрақты тепе-теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Қозғалыстың айқындығын, ырғаққа сәйкестігін дамыту. Қоршаған ортаның сұлулығын қабылдай білуге үйрету, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Әрекеттерді бірлесе орындау, бір-біріне жол беру біліктерін тәрбиелеу.	
	2-ші жартыжылдық	
49 Тақырыбы: Ерекше сайыс	Мақсаты: жарыстар ұйымдастыру арқылы балалардың қозғалыс әлеуетін дамыту. Міндеттері: жарыстардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастырамыз. Бір орыннан ұзындыққа секірген кезде бастапқы қалыпты сақтау қабілетін нығайту, өзінің қатардағы орнын тез табу қабілетін нығайту, залдағы кеңістікті толық пайдалануға, жүрген кезде бір-біріне кедергі келтірмеуге үйрету. Допты екпінмен итеру және доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін жетілдіру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ептілікке, зейінділікке баулу; төзімді, тәптіпті болуға үйрету; күшті, епті болуға деген қызығушылығын ояту.	
50 Тақырыбы: Құртақанмен ойнаймыз	Мақсаты: жұппен бір-біріне доп лақтыру, ойын жаттығулары арқылы ұзындыққа секіру дағдыларын бекіту. Міндеттері: шаңғыны киюге және шешуге, дайындық жаттығуларын орындауға үйрету. Арақашықтығы 2 метрлік қос қатарда тұрып, қолдарын жоғары көтеру әдісімен бір-біріне доп лақтырып ойнауға үйрету. Допты лақтыру күші мен қатарлар арасындағы қашықтықты сәйкестендіру. Қолдармен төменге және алға оқыс қимылдар жасау қабілетін жетілдіруді жалғастыру, бір орында тұрып ұзындыққа секірген кезде қос аяқты бірдей екпінмен алға шығарып, жерге түскенде тізені аздап бүгуге үйрету; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту, зейінділікке, жылдам әрекет етуге баулу. Педагогтің айтқандарын асықпай мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыруды жалғастырамыз; өзгелермен дос болуға, төңірегін жылы, жағымды қабылдауға үйрету.	
51 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Біз	Мақсаты: шаңғымен жүру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: шаңғыны киюге және шешуге, дайындық жаттығуларын орындауға үйрету. Бір орында түрегеліп тұрып, қар лақтыру, бүгілген қолдарды екпінмен түзету арқылы қардың лақтыру күшін арттыру.	

өсіп келеміз	Дұрыс жүру рефлексін қалыптастыру, дамыту.	
52 Тақырыбы: Наурызым қорығы	Мақсаты: денешынықтыру сабақтары арқылы экологиялық мәдениеттерін қалыптастыру. Міндеттері: бөренемен төрт аяқтап өрмелеген кезде аяқ пен қолдың жұмысын үйлестіруге үйрету, 2 метр қашықтықта тұрып, бір-біріне доп лақтырысу қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастыру, доптың ұшу бағытын қадағалау, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп жеңіл қағып алу. Қозғалыс ырғағын, айқындылығын дамыту. Балалардың бойында экологиялық мәдениеттің, жануарлардың табиғат жағдайындағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыруға ықпал ету.	
53 Тақырыбы: Сиқырлы асық	Мақсаты: ойындар мен жаттығулар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: төбеге қап қойып жүрген кезде арқа мен басты дұрыс ұстауға, дененің дұрыс қалпын бақылауға үйрету. Бөренемен еңбектеген кезде тепе-теңдікті сақтау қабілетін нығайту. Допты басынан асырмай, алға және жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу қабілетін жетілдіру.	
54 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Шаңғымен жүру	Мақсаты: спорттық жаттығулар арқылы ептілік пен төзімділікті қалыптастыру. Міндеттері: шаңғымен жүру кезінде динамикалық тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Ептілікті, төзімділікті, өз күшіне сенімділікті дамыту. Спортпен айналысу, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.	
55 Тақырыбы: 1-2-3 – ойыншықтарға жан бітті!	Мақсаты: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимыл жасау біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: музыкаға сай әртүрлі ырғақпен түрлі қимыл-қозғалыстар жасауға үйретуді әрі қарай жалғастырамыз: өз төңірегінде айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Тұрақты тепе-теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Алға қарай қос аяқтап секіру жаттығуларын жалғастыру. Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастырамыз. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.	
56 Тақырыбы: Сиқырлы дорба өз-өзіне сенімділікке баулу.	Мақсаты: секіру және допты бір-біріне лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: бірнеше сызықтан керекпен секіруді, бір уақытта екі аяқпен екпінмен итерілуді, денені алға еңкейтпей, жерге аяқтың ұшымен түсуге үйретуді жалғастыру. Музыкаға сай түрлі ырғақпен әртүрлі қозғалыстар жасау қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастырамыз: тізені жоғары көтеріп ырғақпен жүру, бірқалыпты отырып-тұру жаттығуларын орындау. Допты бастан асыра ұстап, қос қолдап лақтыруға жаттықтыру. Ойлау қабілетін, зейінін, есту арқылы қабылдау және көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Ынталылық пен ыждағаттылыққа,	
57 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Шаңғымен сырғана жүреміз	Мақсаты: шаңғымен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін және тепе-теңдікті қалыптастыру. Міндеттері: шаңғымен адымдап жүруге үйрету. Жолмен сырғанау дағдысын бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.	

58 Тақырыбы: Сиқырлы гүл	Мақсаты: дене шынықтыру жаттығуларының денсаулықпен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: қолдарын шынтақтың тұсынан бүгіп, екпінді тездетпей және баяулатпай, қысқа-қысқа адымдармен бірқалыпты жүгіруге үйретуді жалғастыру. Қос аяқпен екпінмен итеріліп, 5 жіптен кезекпен секіру және жерге аяқтың ұшымен жеңіл түсу, бойды тіктеп, табанды тіреп тұру қабілетін нығайту. Төрт аяқтап еңбектеу және заттар арқылы еңбектеп өту (жұмсақ модульдер) қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Үйлесімділік қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, дұрыс тыныстауға дағдыландыру. Денешынықтыру мен денсаулық арасындағы байланыс туралы түсінік қалыптастыру; спортпен шұғылдануға тәрбиелеу, салауатты өмір сүруге дағдыландыру. Өз денсаулығын күте білуге тәрбиелеу.	
59 Тақырыбы: Біз өстік.	Мақсаты: допты меңгеру және гимнастикалық орындық бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қозғалыс қарқынын сақтауға, аяқты өкшеден басып, ұшына түсіруге үйретуді жалғастыру. Түрегеп тұрған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру, қолды сілкіп түзету арқылы допты күшпен дақтыру қабілетін дамыту. Төбеге қапшық қойып, гимнастикалық орындықпен дене Сымбатын бұзбай жүру, скалиоздың алдын алу. Спортпен шұғылдануға тәрбиелеу, салауатты өмір сүруге дағдыландыру.	
60 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Біз ойнаймыз— дербес болуға жаттығамыз.	Мақсаты: спорттық жаттығуларды орындау арқылы сенсомоторлық анализаторларын дамыту. Міндеттері: мұзды жолдармен сырғанауға, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жүгіру, қол мен аяқ қимылдары үйлесімділігін бекіту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру, қырын бұрылу, алдыға және жан-жағына қарау біліктерін дамыту. Жылдам әрекет етуін, көз мөлшерін, қимыл үйлесімділігін дамыту. Достыққа, дербестікке тәрбиелеу.	
61 Тақырыбы: Біз – кішкентай спортшылар	Мақсаты: еңбектеу және допты алға-жоғары лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеуді үйрету, қол мен аяқтың жұмысын үйлестіруге дағдыландыру. Доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып артқа қарай ұстау және бүгілген қолды жазып, доптың алға және жоғары қарай ұшу бағытын қамтамасыз ету; қимылдардың орындалу ретін сақтау қабілетін нығайту. Үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға дағдыландыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	
62 Тақырыбы: Біз әскерміз сап түзеген	Мақсаты: жаттығуларды орындау кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: қырлы тақтаймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау (жалпақтабанның алдын алу) қабілетін жетілдіру. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен жанаспай еңбектеуді, еңбектеген кезде бағытты солға және оңға қарай жылдам өзгертуді үйрету. Шектеулі алаңда қос аяқтап секіріп жаттығу. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; отансүйгіштікке баулу.	
63 Таза ауада өткізу	Мақсаты: спорттық ойындар арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру. Міндеттері: балаларды хоккей ойынымен таныстыру,	

Тақырыбы: Хоккей ойнауды үйренеміз	қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету. Ептілікке баулу, организмнің төзімділігі мен күшін арттыру. Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға тәрбиелеу.	
64 Тақырыбы : Алақанмен шапалақтап, аяқпенен топылдатамыз	Мақсаты: көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: қарағай бүрлерін (ойыншық текшелерді) 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Адымын кең ашып, жылдам қарқынмен жүгіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін жетілдіру. Табанды өкшеден аяқтың ұшына дейін тигізу, тепе-теңдік сақтау қабілетін нығайту (жалпақтабанның алдын алу, табандағы бұлшық еттерді нығайту). Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен келісіп жасауға үйрету, қозғалыстарды орындау ізбе-ізділігі мен тәртібін сақтау	
65 Тақырыбы: Ұшқыштар	Мақсаты: көз мөлшерін, қолдары мен аяқтары қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Міндеттері: 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға лақтыру, көзбен мөлшерлеу, лақтыратын қолға сәйкес келетін аяқты жылжытып қою қабілетін дамыту. Құрсаудан-құрсауға қос аяқтап секіру, қолды төменге және алға қимылдатып, аяқтың қозғалысымен үйлесімді әрекет ету, жерге тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Жүру мен жүгіруді бір-бірімен кезектестіріп орындау, тез қарқынмен жүгірген кезде дене корпусын дұрыс ұстау қабілетін (денені қозғалыс бағытына қарай аздап еңкейту, иықтарды бос ұстау және алға қарау) қалыптастыру. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; отансүйгіштікке баулу, жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.	
66 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Біз аяздан қорықпаймыз	Мақсаты: спорттық ойындар арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру. Міндеттері: хоккей ойнауға үйрету, қозғалыстың алғашқы циклын дұрыс бастау үшін дұрыс бастапқы қалыпты қабылдауға үйрету. Шайбаны тура бағытта алып жүруге үйрету. Соғатын қолға аттас аяқты сәл артқа қою білігін бекіту. Ептілікті, төзімділікті дамыту. Мейірімділікке, дербестікке тәрбиелеу.	
67 Тақырыбы: «Отбасындағы ағаларым сияқты жаттығамын!» .	Мақсаты: секіру және нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: еденде отырған күйі доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып алысқа лақтыру, бүгілген қолды жазу арқылы допты лақтыру күшін арттыру қабілетін қалыптастыруды жалғастырамыз. аяқтап секіру, бір уақытта екі аяқпен күшпен итерілу, денені алға еңкейтпей, тізені сәл бүгіп, аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту. Күш пен жылдамдықты арттыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Әлеуметтік қабілеті жоғары тұлға ретінде тәрбиелеу, отбасын сыйлауға баулу	
68 Тақырыбы:Бізге қонаққа маймыл келді!	Мақсаты: өрмелеу және допты алысқа лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: кермені дұрыс ұстауға үйрету (4 саусақ үстінен, үлкен саусақ астынан), аяғын кезекпен басып гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру	

	кабілетін нығайту. Балаларды доп көтерген қолдарын басынан асырып лақтыру, бүгілген қолдарды жазып, жоғары қарай көтергеннен кейін екпінмен лақтырылған доптың ұшу траекториясының дұрыс болуын қамтамасыз ету. Ойын түріндегі жаттығулардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды, кеңістікте бағдарлау қабілетін, ырғақпен әрі айқын қимылдау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Балалардың бойында жануарлардың табиғаттағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыру; жануарлардың тіршілігі туралы мәлімет беру; қайырымдылыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаны позитивті тұрғыдан қабылдау.	
69 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Кішкентай шаңғышылар	Мақсаты: спорттық жаттығуларды орындау арқылы қимыл үйлесімділігін және тепе-теңдікті дамыту. Міндеттері: төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілуге үйрету. Шаңғы жолымен бірінің артынан бірі сырғымалы қадаммен жүру білігін бекіту. Шаңғы жолымен бір-бірінің артынан сырғанап адымдап қозғалу біліктерін бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу	
70 Тақырыбы: Африкаға саяхат	Мақсаты: өрмелеу және алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. Міндеттері: бастапқы қалыпты дұрыс ұстай білуге, қапшықты қолды жазу арқылы күшпен алға-жоғары-алысқа лақтыруға жаттықтыру. Аяқты кезекпен қойып гимнастикалық қабырғамен жоғары және төмен өрмелеу, қол мен аяқты үйлестіріп қимылдату қабілетін нығайту. Кеңістікте бағдарлау қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, анық және ырғақпен қозғалуға үйрету, өзге балалармен үйлесімді қимылдау қабілетін дамыту, саяхаттауға, бір нәрсені білуге, көруге деген құштарлығын арттыру.	
71 Тақырыбы: Жас өрт сөндірушілер	Мақсаты: заттардан аттап өту, тізелерін жоғары көтере отырып жүру дағдыларын бекіту. Міндеттері: аздап жоғары көтерілген баспалдақтың тақтайшалары арқылы аттап өтуге, тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшымен қоюға, денені тік ұстап, тепе -теңдікті сақтауға үйретуді әрі қарай жалғастыру. Оңға қарай қосалқы адымды тізені көп бүкпей, арқа мен басты тік ұстап орындау қабілетін дамыту. Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеп өтуге жаттығу, дененің күшін арттыру, ептілікке баулу. Өзгелерге көмектесуге, тапқырлыққа тәрбиелеу	
72 Таза ауада өткізу Тақырыбы:Қысқы жарыстар	Мақсаты: спорттық жарыстар мен ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: шайбаны берілген бағытта доптаяқпен сырғанатуға, оны қақпаға енгізуге үйрету. Бастапқы қалыпты дұрыс ұстай білуге, заттарды қолды жазу арқылы күшпен алға-жоғары-алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастырамыз. Ептілікті, мергендікті, тез әрекет етуді дамыту. Жинақылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу	
73 Тақырыбы: Достармен ойнаймыз	Мақсаты: ойындар арқылы негізгі қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Солға қарай қосалқы адым жасау	

	тапсырмасын тізені қатты бүкпей, иықты бұрмай ырғақпен орындау қабілетін қалыптастыру. «Жыланша» жүгіріп жаттығу, заттардың арасымен жүгіргенде бағытын өзгерту қабілетін жетілдіру. Ептілікке баулу, кеңістікте бағдарлау және әрекет ету жылдамдығын дамыту. Бір-іріне қайырымды болуға тәрбиелеу.	
74 Тақырыбы:Тұлпар	Мақсаты: қимылды ойындар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: 2 метр жерде тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу.	
75 Таза ауада өткізу Тақырыбы:Ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз	Мақсаты: жаттығулар арқылы қимыл үйлесімділігі мен төзімділікті дамыту. Міндеттері: қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары-алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу.	
76 Тақырыбы: Бір, екі, үші – қайтала!	Мақсаты: доп лақтырысу және өрмелеу дағдыларын бекіту. Міндеттері: допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыру, допты алға-жоғары бағыттау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге жаттықтыру, оңға қосалқы адым жасап бір кермеден (пролет) екіншісіне көшу және көлденең бағытта кермелерден ізбе-із ұстау қабілетін дамытуды жалғастыру. Педагогтің айтқандарын тындау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға үйрету. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту. Батыл болуға, өзі мен өзге балаларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.	
77 Тақырыбы:Көңілді шар	Мақсаты: суреттегі бейнелерге сәйкес қимылдарды орындау Біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: тақтайдың екі жағынан жүріп, ажырау, тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Оңға қосалқы адым жасап бір кермеден екіншісіне өту, баспалдақтың тепкішектерін қолмен көлденең бағытта ұстау қабілетін қалыптастыру. 20 см биіктен тереңдікке секіру қабілетіні нығайту, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін жетілдіру. Қозғалысты картинадағы суреттерге сай етіп орындау қабілетін, балалардың зейінін, ойлау қабілеті мен дербестігін қалыптастыру. Құрбыларымен дос болуға, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.	
78 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Ғарышкерлер даярлау орталығы	Мақсаты: тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сызық бойынша жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті және бойын тік ұстауға жаттықтыру, дұрыс жүріс рефлексін қалыптастыру. Футбол добын берілген бағытта домалату білігін бекіту, кеңістікті және қимылын өзі бақылай білу дағдыларын дамыту. Вестибулярлық аппаратты, қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқ бұлшық еттерін күшейту. Батырлыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.	

79 Тақырыбы: Көтеріңкі көңіл күй	Мақсаты: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі ырғақпен қимылдарды орындау білігін қалыптастыру. Міндеттері: алға қарай қосалқы адым жасау және ырғақпен жеңіл секіруге үйретуді жалғастырамыз. Тақтайдың екі жағынан жүріп, ажырау, тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Өз қимылдарын өзге балалардың қимылымен үйлесімді етіп жасауға үйрету. Фитболды домалату және оны қолдың күшімен итеріп жаттығу. Үйлестіру қабілетін дамыту. Қозғалыс пен музыканың үйлесімділігін арттыру. Халықтық ойындардың көмегімен балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды; әлемге позитивті көзқараспен қарауға үйретуді жалғастырамыз.	
80 Тақырыбы: Ойы лотосы	Мақсаты: қимылды ойындар арқылы қозғалыс әлеуеттерін дамыту. Міндеттері: бір аяқты алға қарай созып, оның қасына екінші аяқты қою; екінші аяқтың ұшын ішке қарай бұрмау, адым басқанды аяқты бірқалыпты қимылдату қабілеттерін дамыту. Биікке көтерілген баспалдақ таяқшалары арқылы тізені жоғары көтеріп аттап өтуге, денені тік ұстауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс жаттығуларының көмегімен қозғалу мүмкіндігін арттыру. Балаларды бір-біріне қайырымды болуға үйрету.	
81 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Деніміз сау болсын.	Мақсаты: денешынықтыру сабақтарының спортпен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: допты қақпаға домалатуға үйрету. 4 адымнан екі аяқтап жоғары секіру білігін, итерілу кезінде қол мен аяқтың үйлесімді жұмысын бекіту. Баяу қарқында жүгіруге жаттықтыру – 1 минут. Ептілікті, назарды, кеңістікті бағдарлауды дамыту, СӨС машығын қалыптастыру.	
82 Тақырыбы: Асық ойнаймыз	Мақсаты: қимылды ойындар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу	
83 Тақырыбы: Асық толы қоржын	Мақсаты: жұппен қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу.	
84 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Біз күштіміз әрі ептіміз	Мақсаты: спорттық жаттығуларды орындау арқылы бұлшық ет корсетін күшейту. Міндеттері: велосипед тебуге үйрету. Баяу қарқында жүгіруге – 1 минут, қол мен аяқтың үйлесімді жұмысына жаттықтыру. Жерге түсу, аяқтарын тізесінен сәл бұгу біліктерін бекіту. Денешынықтыру жаттығуларымен айналысуға дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, епті әрі жылдам болуға ынталарын қалыптастыруға ықпал ету	
85 Тақырыбы:	Мақсаты: лақтыру, статикалық тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру.	

Сикырлы орындықтар	Міндеттері: қолды созып допты алға-жоғары-алысқа лақтыруды үйренуді жалғастырамыз. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін нығайту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, қимыл үйлесімділігін дамыту, тепе-теңдік сақтауға үйрету. Жинақылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	
86 Тақырыбы: Тиін бізге қонаққа келді	Мақсаты: лақтыру және секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу тақтаймен жоғары өрмелегенде аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіруге үйрету. Затты алысқа лақтырған кезде қолды иықтан алға-жоғары көтеру және күшпен лақтыру қабілетін жетілдіру. Құрсаудан-құрсауға кезекпен, қос аяқпен бір уақытта секіру және жерге түскенде аяқты жартылай бүгіп түсуге үйрету. Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға деген қызығушылығын ояту.	
87 Таза ауада өткіз Тақырыбы: Көктем келді, көктем!	Мақсаты: самокатпен сырғанау, ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру.	
88 Тақырыбы: Байқоңыр	Мақсаты: секіру мен өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: секіру мен өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру жаттығуларын орындау, табандағы бұлшық еттерді нығайту (жалпақтабанның алдын алу). Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, алға қарай қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту (3 керме) жаттығуларын орындауды жалғастырамыз. Күшті, епті болуға үйрету, зейінін, әрекет ету жылдамдығын дамыту; жинақылыққа, батылдыққа, өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.	
89 Тақырыбы: Ғарышқа саяхат	Мақсаты: допты екі қолмен қайта ұру және 3 зат арқылы аттап өту дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты қос қолдап еденге ұру, допты саусақтарын жазып ұру және допты үстіңгі жағынан аздап басуды үйрету. 3 зат арқылы кезекпен секіру қабілетін нығайту, жерден күшпен итеріліп, жерге жартылай бүгілген аяқпен жеңіл түсу қабілетін жетілдіру. Балалардың ой-қиялы мен зейінін; үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу.	
90 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Самокат тебеміз	Мақсаты: самокатпен сырғанау кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білу, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Биіктігі 10 см үш заттан кезекпен секіріп өту қабілетін жетілдіру. Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру	
	Мақсаты: өрмелеу және допты қайта ұру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: аяқты кезекпен қойып, кермелерді қалдырмай гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу, түскен кезде соңғы кермеге дейін жету және жерге жеңіл түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Допты еденге қос қолдап ұру қабілетін жетілдіру, допты бүгілген саусақтармен ұрмауға үйрету. Батылдық, дербестік, ептілік қабілеттерін жетілдіру. Өзіне, жақындарына қайырымды	

91 Тақырыбы: Демалыс саябағында	болуға тәрбиелеу, белсенді демалысқа машықтандыру.	
92 Тақырыбы: Көңілді сайыстар	Мақсаты: заттардан секіріп өту және гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қосалқы адым жасауды және биікте тепе-теңдік сақтауды, денесін тік ұстап, басын төмен түсірмеуді үйрету. Аяқтарын кезекпен басып, гимнастикалық қабырғаның бірде-бір кермесін қалдырмай өрмелеу, төмен түскен кезде керменің соңғысына дейін жетіп, жерге жеңіл түсу қабілетін нығайту. Биіктігі 10 см үш зат арқылы ізбе-із секіріп өтуге жаттығу. Ептілік, шапшаңдық пен зейін қою қабілетін дамыту; қозғалыс пен оның суреттегі нұсқасын бір-бірімен салыстыру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне құрметпен қарауға үйрету.	
93 Таза ауада өткіз Тақырыбы: Добым, добым домалап	Мақсаты: доппен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты берілген бағытта домалатуға үйрету. Доп ұстаған қолын басының артына апару, бүгілген қолдарын алға-жоғары екпінді түрде жаза отырып, доптың ұшуына дұрыс бағыт беру білігін бекіту. Спортпен айналысу, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу.	
94 Тақырыбы: Бір жаттығамыз!	Мақсаты: қимылдарды ретімен орындау дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: артқа қосалқы адым жасау мен өз төңірегінде айналу жаттығуларын кезекпен орындауға үйрету. Биікте тұрған зат арқылы бүйірімен аттап өткен кезде денесін тік ұстап, тепе-теңдік сақтау қабілетін қалыптастыру. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға үйрету. Күш пен үйлестіру қабілетін дамыту; дос болуға, тапқырлыққа баулу.	
95 Тақырыбы: Батыл құмырсқалар	Мақсаты: бір аяқпен секіру және гимнастикалық қабырғада өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: бір орында тұрып секіру, тепе-теңдік сақтау және жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайту. Бір аяқты артқа қойып, екінші аяқты оның жанына қою және оның ұшын ішке қарай қайырмауға тырысу, осы жаттығу мен жайлап отырып-тұру жаттығуларын кезекпен жасауға үйрету. Аяқты кезекпен қойып гимнастикалық орындықпен өрмелеуге	
96 Таза ауада өткіз Тақырыбы: Сиқырлы сақиналар	Мақсаты: тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: самокатпен белгіленген бағытта конустар мен сақиналардың арасымен сырғанауға үйрету. Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Алаңның бір жақ шетінен қарсы бетіне жүгіріп өту қабілетін жетілдіру. Еденнен бір уақытта қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту. Қимылдарды өзге балалармен үйлесімді етіп жасау қабілетін нығайту.	
97 Тақырыбы: Сиқырлы сандық	Мақсаты: допты бір қолмен қайтара ұру және бір аяқпен секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: допты бір қолмен, қолды ақырын қимылдатып еденге ұру және допты соғу күшін реттеуге үйрету. Табанды толық баспай	

	аяқтың ұшымен итерілу арқылы бір орында секіру қабілетін нығайту. Орындық үстімен жүруге жаттықтырамыз, өз қимылдарын өзге балалардың қимылымен үйлестіріп жасау қабілетін жетілдіреміз. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға қабілетін нығайту. Тепе-теңдік сақтау, үйлестіру, төзімділік қабілеттерін дамыту; балалармен дос болуға, дербестікке баулу.	
98 Тақырыбы: Баскетболшы-лар	Мақсаты: еңіс тақтаймен өрмелеу және допты бір қолмен қайтара ұру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу баспалдақ бойымен (гимнастикалық қабырғаның 3 кермесіне орнатылған) кермелерді қолмен ұстап, аяқ пен қолдың қимылын үйлестіре отырып өрмелеуге, гимнастикалық қабырғаға өтіп, жерге түсуге үйрету. Қол саусақтарын еркін қимылдатып допты еденге ұру қабілетін нығайту, допты саусақтарды бүкпей және алақанды қыспай ұру қабілетін нығайту. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; спортпен айналысуға дағдыландыру, батылдыққа тәрбиелеу.	
99 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Шынығып, шым боламыз	Мақсаты: спорттық ойындар элементтерін үйрету. Міндеттері: дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әр түрлі орналастырылған кегельдерге допты лақтыруға үйрету. Бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей заттардың арасымен жүгіру білігін бекіту, майтабан профилактикасы, табан күмбезін нығайту. Ептілікті, жалпы төзімділікті, статикалық тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Дүниеге оң көзқарасын, мейірімділікті қалыптастыруға ықпал ету.	
100 Тақырыбы: Сыр толы сандық	Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және баскетбол ойыны дағдыларын дамыту. Міндеттері: көлденең жатқан бөрене үстінде тепе-теңдік сақтауға, бөрене бойымен аяқтың ұшымен жүруге, денені және басты тік ұстауға, бөренеден жеңіл түсуге үйрету. Көлбеу бұрышы үлкен (гимнастикалық қабырғаның 4-кермесіне орнатылған) баспалдақпен қапталдағы сырықтарды ұстап, өрмелеу қабілетін нығайту: 4 саусақ астынан, бас бармақпен үстінен ұстайды, бір кермеден екіншісіне ауысқан кезде қолды көлденең бағытта ұстау қажет. Допты еденге бір қолмен соғуға жаттықтыру; дербестікке, жинақылыққа үйрету.	
101 Тақырыбы: Айсұлумен ойнаймыз	Мақсаты: көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдысын дамыту. Міндеттері: бөрене бойымен солға және оңға қосалқы адым жасауға, тұрақты тепе-теңдік сақтауға және бойды тік ұстауға үйрету. Жұптасып ырғақпен әрі жеңіл жүгіру, өзге балалармен үйлесімді қимылдау қабілетін дамыту. Алысқа асық лақтыруға жаттығу, шынтақтан бүгілген қолды екпінмен жазу қабілетін дамыту. Халықтық дәстүрлерге негізделген адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру, үлкендер мен кішілерге құрмет көрсетуге баулу; қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылығын нығайту. Толерантты болуға тәрбиелеу.	
102 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Тезірек, биігірек, күштірек	Мақсаты: спорттық жаттығу элементтері арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту. Міндеттері: дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әртүрлі етіп орналастырылған кегельдерге допты лақтыруға үйрету. Жұптасып жүгіргенде бір-бірімен үйлесімді адым жасап, ырғақпен әрі жеңіл жүгіру қабілетін жетілдіру. Бөрене бойымен солға және оңға қосалқы адым жасауға, тұрақты тепе-теңдік сақтауға және бойды тік ұстауға үйрету. Құм толтырылған қапшықтарды алысқа лақтырып жаттығамыз. Шынтақтан бүгілген қолды екпінмен жазу қабілетін	

	дамыту. Дене шынықтырумен айналысуға машығын тәрбиелеу.	
103 Тақырыбы: Түрлі түсті секіртпелер	Мақсаты: секіргіш арқылы секіру кезінде және бөренемен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін дамыту. Міндеттері: секіртпені қолдың басымен және білекпен айналдыруға, денені тік ұстап, аяқтың ұшымен секіруге, айналып тұрған секіртпемен үйлесімді секіруге үйрету. Жұптасып жүргенде адым қарқыны мен ырғағының үйлесімді болуын қамтамасыз етуге, қозғалыс бағытын сақтауға, жүру мен жүгіруді кезектестіре білуге баулу. Көлденең бөрене бойымен жүргенде тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға қабілетін нығайту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін, зейінін дамыту; дербестікке, жинақылыққа тәрбиелеу.	
104 Тақырыбы: Айс мен Серік балаларға қонақ келді	Мақсаты: секіргіш арқылы секіру және көлденең нысанаға лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қолды екпінмен жазып, допты көлденең нысанаға көздеп лақтыру қабілетін, көзбен мөлшерлеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Қысқа секіртпенің көмегімен қатты жоғары көтерілмей, алдымен аяқтың ұшын, содан соң өкшені басып, ырғақпен секіру қабілетін нығайту. Жарысу, сайыс ережелерін орындау қабілетін бекітуді, айналасындағы адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеуді жалғастырамыз.	
105 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Сикырлы қалпақтар	Мақсаты: ептілікті және өз әрекетін басқа балалардың әрекеттерімен үйлестіру білігін дамыту. Міндеттері: қолды екпінмен жазып, допты тік нысанаға көздеп лақтыру қабілетін жетілдіру, тоқтамай көздеуге және лақтыруға үйрету. Арқаға жүк салып төрт аяқтап еңбектегенде үйлесімді қозғалу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Құбылмалы жағдайларда өзінің қозғалыс тәжірибесін дұрыс пайдалана білу қабілетін нығайтуды, батылдыққа, табандылыққа тәрбиелеуді жалғастырамыз.	
106 Тақырыбы: Сикырлы өзгерістер	Мақсаты: көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын бекіту. Міндеттері: қолды екпінмен жазып, допты көлденең нысанаға көздеп лақтыруға үйрету, допты лақтыратын қол жанындағы аяқты ақырын алға қою қабілетін жетілдіру. Алақан мен тізені тіреп еңбектеу, өз қимылдарын қадағалау, арқаны тік ұстау қабілетін нығайту. Құбылмалы жағдайларда өзінің қозғалыс тәжірибесін дұрыс пайдалана білу қабілетін нығайтуды, батылдыққа, табандылыққа тәрбиелеуді жалғастырамыз.	
107 Тақырыбы: Достасайық бәріміз	Мақсаты: аяқтың ұшымен жүру және допты жоғары көтере тастау дағдыларын бекіту. Міндеттері: жұптасып жүрген кезде үйлесімді қимылдау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аумағы шектелген аймақта қысқа-қысқа адымдар жасап аяқтың ұшымен жүру, денені тік ұстау қабілетін нығайту. Жалпақтабанның алдын алу. Допты жоғарыға лақтыру және оны қос қолдап қағып алуға жаттықтыру. Балалардың зейінін, үйлестіру қабілетін, кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту; жинақылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	
	Мақсаты: қазақтың қимылды ойындары арқылы балалардың қозғалыс тәжірибелерін байыту. Міндеттері: оңға, солға бұрылу, өз төңірегінде айналу кезінде бір уақытта қос аяқпен жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Жүрген кезде қолды әртүрлі қалыпта ұстауға үйрету, зейіні мен үйлестіру қабілетін дамыту. Жүгіру бағытын өзгерту	

108 Таза ауада өткізу Тақырыбы: Қазақтың қимыл-қозғалыс ойындары	қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастырамыз. Толерантты болуға тәрбиелеу.	
---	--	--